

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Қазақстан аумағында оқушылармен туристік жорықтар,
экспедициялар және саяхаттар ұйымдастыру және өткізу
нұсқаулығы**

Әдістемелік ұсынымдар

**Инструкции по организации и проведению туристских
походов, экспедиций и экскурсий с обучающимися на
территории Казахстана**

Методические рекомендации

Астана, 2016

«Қазақстан аумағында оқушылармен туристік жорықтар, экспедициялар және саяхаттар ұйымдастыру және өткізу нұсқаулығы» әдістемелік ұсынымдары - «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2016 жыл, - 209 б.

Методические рекомендации «Инструкции по организации и проведению туристских походов, экспедиций и экскурсий с обучающимися на территории Казахстана» – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» – г. Астана, 2016 год –209 стр.

«Қазақстан аумағында оқушылармен туристік жорықтар, экспедициялар және саяхаттар ұйымдастыру және өткізу нұсқаулығы» әдістемелік ұсынымдары жорықтар, экспедициялар және саяхаттар өткізу ретін анықтайды.

Нұсқаулық білім беру ұйымдарының жетекшілеріне, жеткіншектердің бос уақытын пайдалы өткізуді ұйымдастырушыларға арналады.

Методические рекомендации «Инструкции по организации и проведению туристских походов, экспедиций и экскурсий с обучающимися на территории Казахстана» определяют порядок проведения туристских походов, экспедиций и экскурсий.

Инструкции адресованы руководителям организаций образования, организаторам полезной досуговой занятости подростков.

*ҚРБЖҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған
(2016 жылғы 12 тамыздағы № 4 хаттама)*

*Рекомендовано к печати Методическим советом
Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования
(протокол от 12 августа 2016 года №4)*

©Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2016

©Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования, 2016

Мазмұны

1	Кіріспе	5
2	Заманауи жағдайларда балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың өңірлік аспектілері	8
3	Қазақстан аумағында оқушылармен туристік жорықтар, экспедициялар және саяхаттар ұйымдастыру және өткізу нұсқаулығы. Жалпы ережелер	18
4	Білім алушылардың саяхаттарға, туристік жорықтар мен экспедицияларға қатысу рұқсаты	35
5	Туристік, саяхаттық топтардың және экспедициялық жасақтардың жетекшілері, жетекшілердің орынбасарлары	38
6	Туристік, саяхаттық топтар және экспедициялық жасақтар жетекшілерінің, жетекші орынбасарларының міндеттері	39
7	Жорық, экспедиция, саяхатқа қатысушылардың құқықтары мен міндеттері	46
8	Туристік жорықты, экспедицияны, саяхатты өткізуші ұйымның жетекшісінің құқықтары мен міндеттері	48
9	Жалпы білім беру мектептерінде туристік, өлкетану және саяхат жұмыстарын ұйымдастыру	50
10	Туристердің қауіпсіздігі	51
11	Саяхат, жорық және экспедиция өткізу кезінде білім алушылардың шомылатын жерін таңдау және ұйымдастыру	58
12	Балаларға қосымша туристік-өлкетану білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесінен	59
13	Қорытынды	68
14	1-қосымша. Қауіпсіздік ережесі бойынша нұсқамалық өткізудің журналы	70
15	2-қосымша. Жаяу, тау жорықтары және саяхатүшін жүктеменің үлгілік нормалары	70
16	3-қосымша. Жалпы білім беретін ұйымның ұсынылатын туристік жарақтарының тізімі	81
17	4-қосымша. «Менің Отаным – Қазақстан» - «Ұлы Дала елі» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының республикалық слетін өткізу ережелері	83
18	5-қосымша. 2013-2016 жылдарға спорттық туризм бойынша разрядтық талаптар	87
19	Қолданылған әдебиеттер тізімі	104

Содержание

1	Введение	107
2	Региональные аспекты развития детско-юношеского туризма в современных условиях	110
3	Инструкции по организации и проведению туристских походов, экспедиций и экскурсий с обучающимися на территории Казахстана. Общие положения	120
4	Обязанности руководителей, заместителей руководителей туристских, экскурсионных групп и экспедиционных отрядов	138
5	Руководители, заместители руководителей туристских, экскурсионных групп и экспедиционных отрядов	140
6	Обязанности руководителя похода и его заместителя	142
7	Права и обязанности участников похода, экспедиции и экскурсии	149
8	Права и обязанности руководителя организации, проводящей туристский поход, экспедицию и экскурсию	150
9	Организация туристской, краеведческой и экскурсионной работы в общеобразовательной школе	152
10	Безопасность туристов	158
11	Выбор места и организации купания обучающихся во время проведения похода, экспедиции и экскурсии	160
12	Из опыта работы организаций дополнительного туристско-краеведческого образования детей	161
13	Заключение	170
14	Приложение 1. Журнал проведения инструктажа по технике безопасности	172
15	Приложение 2. Примерные нормы нагрузки для пешеходных и горных походов и путешествий	172
16	Приложение 3. Рекомендуемый перечень туристского снаряжения общеобразовательной организации	185
17	Приложение 4. Правила проведения Республиканского слета туристско-краеведческих экспедиционных отрядов «Менің Отаным – Қазақстан» - «Ұлы Дала Елі»	187
18	Приложение 5. Разрядные требования по спортивному туризму на 2013-2016 годы	191
19	Список использованных источников	207

Кіріспе

Туристік-өлкетану бағыты Қазақстанның ұзақ мерзімді жоспарында ұлттық экономиканың экономикалық тиімді және экологиялық қауіпсіз саласы ретінде ел дамуының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ішкі туризмнің негізгі басым бағыттарының бірі балалар-жасөспірімдер туризмінің белсенді түрлерін дамыту болып табылады. Балалар-жасөспірімдер туризмі мақсатқа талпынушылық пен қайсарлық, ержүректілік пен жігерлік, дербестік пен ынта-ықылас, табандылық пен батылдық секілді жасөспірімдер бағалайтын мінез-құлық ерекшеліктерін қалыптастырады. Балаларды өз халқының, елінің тарихына, мәдени құндылығына араластыруға оқушылар арасында жорықтар, экспедициялар мен саяхаттар ұйымдастыру ықпал етеді.

Туризм тәрбие жұмысының бір түрі ретінде балалардың өзін-өзі басқаруы және өзіне өзі қызмет етуі арқылы барлық міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Жорықта, экспедицияда балалар ұжымының автономиялық тіршілік әрекетіне бірегей жағдай жасалады, олар ұжым мен оның кейбір мүшелерін өздігінен бағалау, шешім қабылдау және өздігінен әрекет қылуды алдына мақсат қояды. Спорттық-сауықтыру туризмінің әр түрінің арасында жаяу туризм танымал – онымен сұралғандардың 41%-ы, респонденттердің 36 %-ы тау туризмімен, тауға шығумен, 23%-ы су туризмімен шұғылданғысы келеді.

Сұралғандардың 57%-ы Қазақстан бойынша туристік-өлкетану жол бағдарын жүріп өткілері келеді. Соңғы он жыл ішінде туристік-өлкетану бағытында дамудың оң динамикасы (2004 ж. – 5033 бала қамтылған 9 ұйым, 2014 ж. – 19532 балалар қамтылған 36 ұйым) байқалады.

Туристік-өлкетану бағытындағы республикалық және облыстық жарыстар, слеттер және байқаулар өткізілуде. Осындай іс-шараларды өткізу балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тұрақты қызығушылықтарын және ерте кәсіби бағытталуын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Жыл сайын «Каспий маңы өңірінде туризмді дамыту бойынша» халықаралық форумды өткізу аясында Маңғыстау облысы және Байқоңыр қаласының әкімдігі арасында балалар туризмін дамыту бойынша ақпарат алмасу дәстүрге айналды.

Павлодар облысының «Экотуризм және өлкетану» облыс орталығының базасында «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициясының жобасы табысты іске асырылуда. Осы орталықтың оқу процесі өлкетану жұмысында жеке және командалық жоғары жетістіктерге, сондай-ақ туристік-спорттық дағдыларға жетуге бағытталған.

Қазақстанның жас бағдар берушілері мен жартасқа өрмелеушілері Азия, Еуропаның, әлем біріншіліктерінің чемпиондары мен жүлдегерлері болды.

800 мыңнан астам балалар мен жасөспірімдер туристік-өлкетану қозғалысындағы оқушылардың «Атамекен», «Болашақ», «Жас ұрпақ», «Шұғыла», «Туған елге – тағзым» және т.б. әртүрлі бағдарламаларын іске асыруға қатысады.

Оқушылардың «Менің Отаным – Қазақстан» туристік өлкетану экспедициясы аясында жыл сайын мыңдаған жас туристер және олардың жетекшілері қатысатын әртүрлі маршруттар бойынша оншақты жаяу, шаңғыдағы, судағы, велосипедтегі жорықтар, экспедициялар, саяхаттар ұйымдастырылады.

Жергілікті табиғи және тарихи ескерткіштерден бастап Отанымыздың бас қаласы Астанаға және еліміздің басқа өңірлеріне оқушылардың «Туған өлкенің көрікті жерлерінен – Қазақстанның киелі жерлеріне» экспедициялары ұйымдастырылады. Дене, рухани және әлеуметтік сауықтырудың, Отанды танып білу, шығармашылық әлеуетті ашу және спорт жетістіктерін жетілдіру шешімдерінде тиімді әдістерінің бірі спорттық-сауықтыру жылжымалы шатырлы лагерьлер мен сапарларға балалар мен жастарды белсенді түрде тарту болып табылады. Жыл сайын республикада **1600** бейінді, киіз үйлі, шатырлы лагерьлер, онда **170 мыңнан** аса балалар денсаулықтарын сауықтырады және туристік дағдыларын арттырады.

Батыс Қазақстан облысының балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы туристік-өлкетану қызметінің түрлі формалары бойынша мол тәжірибе жинады. Бұл орталық 1960 жылы құрылып, қазіргі уақытта осы саладағы Қазақстанның қосымша білім беру орталықтарының ішінде жетекші орталық болып табылады. 36 туризм орталығының 14 орталығы Батыс Қазақстан облысында.

Оқушылардың «Жайық - Орал» судағы экспедициясы танымал болды. Ол үгіт-насихат акциясынан Батыс Қазақстан, сондай-ақ Жайық өзенінің алқабындағы іргелес Ресейдің басқа өңірлерінің бірталай жастарын біріктіретін экологиялық қозғалыстың қуатты негізіне өз құрылымы мен жүйесі бар кешенді туристік-экологиялық экспедициясына айналды.

Бұл іс-шараның бағдарламасына «Орал өңірінің кіші өзендері» экологиялық-өлкетану экспедициясы, «Таза ауыл», «Орал өңірінің жасыл желкені», «Турист, өз ағашыңды ек» акциялары, спорттық орнитология бойынша жарыстар және «БҚО табиғатының ескерткіштері» экологиялық экспедициясы кіреді.

Оқушылармен туристік жорық, экспедиция және саяхаттардың қоғам дамуының қазіргі заман кезеңіндегі басқа қызмет түрлерінен

үлкен жетістігі – қоршаған әлемді белсенді, шектелмеген түрде, эмоциялық-қызметтік тануына және қоршаған ақиқатта баланың нақты орнын анықтауға мүмкіндік бере алуында. Аталған қызмет түрінде біздің елде көп жылдық практикалық, конструктивті тәжірибе жинақталған және өңделген, туристік жорықтарда және басқа формаларда танымдық қызмет жүйесі дайындалған.

Оқушылардың туристік өлкетану экспедициясы аясында жыл сайын әртүрлі маршруттар бойынша жаяу, шаңғымен, судағы, велосипедпен жорықтар, экспедициялар, экскурсиялар өткізген жөн.

Жергілікті табиғи және тарихи ескерткіштерден бастап Отанымыздың бас қаласы Астанаға және еліміздің басқа өңірлеріне «Туған өлкенің көрікті жерлерінен – Қазақстанның киелі жерлеріне дейін», «Ұлы Дала Елі», «Қазақстан – менің алтын бесігім», «Сенің алғашқы өмірдегі өткелің», «Алтын компас» және т.б. тақырыптар бойынша оқушылардың экспедициялары мен саяхаттарын ұйымдастыруды іске қосу маңызды.

Қазір республиканың кейбір өңірлерінде балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытын дамыту бойынша тиімді шараларды іске асыру тәжірибесі қалыптасқан. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризміне әсер ететін жағдайлар мен факторларды талдағанда, республикада бұл бағыттың қарқынды дамуын қиындататын негізгі себептерді белгілеуге болады.

Балалар мен жасөспірімдердің дене және адамгершілік дамуындағы қажеттілігін қанағаттандыру, оларды өз халқының рухани мәдениетіне араластыру, елдің тарихи өткеніне үйрету балалар-жасөспірімдер туризмінің нормативтік құқықтық жүйесін жетілдіру мәселелерінің шешілуі мүмкін емес. Қазақстан аумағында оқушылармен туристік жорықтар, экспедициялар және саяхаттар ұйымдастыру және өткізудің республикада бекітілген нұсқаулығының жоқтығы негізгі мәселе болып табылады. Осыған байланысты аталған әдістемелік нұсқаулықты жоба ретінде Қазақстан аумағында оқушылармен туристік жорықтар, экспедициялар және саяхаттар ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындау қажеттілігі туындады.

Заманауи жағдайларда балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың өңірлік аспектілері

Балалар-жасөспірімдер туризмі – жас ұрпақтың демалысы мен бос уақытын мағыналы өткізуді ұйымдастырудың ең тиімді формаларының бірі. Әлемдік экономика дамуының жаңа жағдайларында туризм, оның ішінде балалар-жасөспірімдер туризмі жетекші және ілгері дамитын салалардың бірі болып қалыптасуда. Әлемдік тәжірибеде өз бетінше ұйымдастырылған туристік қозғалыстар мен балалар-жасөспірімдер туризмі ерекше әлеуметтік құбылыс болып табылады.

Балалар-жасөспірімдер туризмін педагогикалық жүйе ретінде қарастыру керек және балаларға қосымша білім беру мен туристік-өлкетану қызметі оның тең құрамдас бөлігі екендігін белгілеу қажет.

Балалар-жасөспірімдер туризмі – балалар мен ересектердің бірлескен қызметінің әр түрлі түрінің көп деңгейлі жүйесі болып, келесі тапсырмалардың орындалуын қарастырады:

өскелең ұрпақта рухани, ұлттық сананың, туған жерге сүйіспеншіліктің қайта өркендеуіне ықпал ету;

қоршаған ортадан алынған жарқын мысалдар көмегімен оқыту мен тәрбиелеудің нәтижелігін арттыру;

әрбір білім алушының тұлғалық дамуын іске асыру;

балалардың, жасөспірімдердің және жастардың дене дайындығы деңгейін көтеруге, сауықтыруға ықпал ету;

саналы түрде, табиғатқа зиян келтірмей коллекциялар, құнды табиғи материалдар жинауға үйрету;

жорықтар мен саяхаттар кезінде жиналған материалдармен өлкетану мұражайлары мен бұрыштарын толтыру, жаңа түрлерін құрастыру қабілетін дамыту;

әрдайым қоршаған ортаның экологиялық жағдайын бақылауға және зерттеу нәтижелерімен қоғамды уақытылы хабардар етуді үйрету.

Бұл қызметті ерекшелейтін белгілер: кеңістіктегі қозғалыс, қоршаған әлеммен белсенді әрекеттесу, қатысушылардың жоғары деңгейде өзіндік әрекеті мен танымдық белсенділігі, ақыл және дене еңбегінің үйлесуі болып табылады.

Қазір туристік-өлкетану қызметінің ерекше өзектілігін білім беру ұйымдарындағы оқыту-тәрбие жұмыстары жүйесінде қалыптастырып келеді. Ол туған өлкені қоршаған ортаның ғаламдық және өңірлік ерекшелігін үйренумен өзара байланыстыра отырып зерттеуді қарастырады, оқыту-тәрбие жұмысында өлкетану материалдарын қолдану үшін жағдай жасайды, қалыптасқан білім, қабілет және дағдыларды қолдануды қамтамасыз етеді.

Туристік жорық танымдық, сауықтыру, спорттық, оқыту, жаттықтыру және басқа да арнайы мақсаттары бар жаңа алдын ала құрастырылған немесе белгілі бағдарды өтуді шамалайды.

Белсенді туризмдегі негізгі жорық түрлері: демалыс күнгі жорық (бұдан әрі – ДКЖ), бір күндік, екі-үш күндік жорықтар, көп күндік деңгейлік, дәрежелік немесе күрделі болып табылады. Дәрежелік жорықтар туристердің дене дайындығына байланысты жоспарланады.

Оқушылармен туристік жорықтар, экспедиция және саяхаттардың ерекшеліктері тек өзгеше контингентімен емес, сонымен бірге балалар мен жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығына қауіп тудыратын шарттардың жиынтығымен анықталады. Балалар-жасөспірімдер туризмінің белсенді түрлері орналасу құралдарын қолдану кезіндегі туристік саяхатты ұйымдастырумен шартталған қажеттіліктерді қанағаттандыруы мүмкін, саяхаттың сол немесе басқа ұзақтығына, топтың нақты құрамына, қозғалу тәсіліне ие болуы, ұйымдастыру түрлерінде ерекшеленуі және туристік азық-түліктің бағасын қалыптастыру принциптеріне негізделуі мүмкін.

Жорық, экспедиция және саяхаттағы іс-шараларды уақытылы ойластыру мен жоспарлау - табысты, қызықты және қауіпсіз саяхаттың кепілі. Бұл туристік іс-шараларда барлығы бір-бірімен байланысты: бағдарды, топ құрамын мақсаты анықтайды; өткізу уақыты – жеке және топтық құралдарды жабдықтаудың ерекшелігін; қатысушылар арасында міндеттерді бөлуге бағдарды ойластыру, бағдар туралы ақпарат жинау, ұйымдастыру мен өткізу тәуелді.

Мысалы, жорыққа дайындалу кезеңдерінің реттілігіне келесілер жатады:

- жорық мақсатын анықтау;
- жорық ауданын анықтау;
- саяхаттау ауданы туралы ақпарат жинау;
- бағдарды дайындау;
- жорықтың күнтізбелік жоспары мен кестесін жасау;
- жорықтың сметасын жасау;
- қатысушылар тобын іріктеу;
- жорық қатысушылары арасында міндеттерді бөлу;
- жеке жабдықтарды іріктеу;
- топтық жабдықтарды іріктеу;
- тамақтануды ұйымдастыру;
- жорық құжаттарын рәсімдеу;
- жорық қорытындысын шығару.

Жорықтың мақсатын анықтау. Жорықтың мынадай мақсаттары болады:

- сауықтыру;

танымдық;
оқыту;
спорттық (туристік біліктілікті арттыру, туристік техника дағдыларын жетілдіру);
табиғатты қорғау (құстарға жем салатын астау орнату, қайнарларды қоқыстан тазарту);
жаттықтыру (бұдан да күрделі жорықтарға дайындалу) және басқалары.

Әрбір қатысушының жорық мақсатын, уәждемесін түсіне білуі маңызды, ол топты құруда қателіктер жібермеуге мүмкіндік береді. Бір мақсатпен біріккен балалар мен жасөспірімдер төтенше жағдайларда болуы мүмкін және жоспарланған қиындықтарға жақсырақ төзеді.

Жорыққа қатысушылардың тобын іріктеу. Топты жинақтау кезінде белгілі талаптарды сақтау қажет. Өткелдерден өтудің, жүк көтерудің бірыңғай нормаларын дайындауға мүмкіндік болу үшін топтарда бірдей жастағы, шамамен дене дайындықтары да бірдей, ортақ қызығушылықтары бар балалардың болғаны дұрыс. Саны жағынан шамамен 10-15 адамнан құралатын орта туристік топтарды дайындау ұсынылады. Шағын топ құрамы бағдарды өту кезінде жағымды әсер қалыптастыратын психологиялық климатқа оң әсер етеді. Бағдар барысында жетекшілерге осындай топты басқару жеңіл, қатысушылардың әрекетін бақылауда ұстауға мүмкіндік береді. Шағын топпен бивак ұйымдастыру кезінде тез әрі ықшам түрде лагерь тігуге, ал бағдардың күрделі және қауіпті жерлерін өткенде сақтандыруды ұйымдастыруға болады. Топтың сандық құрамы туризм түрімен, жорықтың қиындық дәрежесімен, оның мақсаттарымен, саяхаттау ауданының ерекшеліктерімен анықталады. Топтың сандық құрамын анықтаушы басты себептердің бірі – бағдардың қиын жерлерін өту кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

Егер туристерге бағдар ауданы туралы ақпарат алдын ала берілсе, кез келген жорық қызықты әрі танымды болады. Ол көп еңбекті талап ететін жұмыс, ол үшін мамандандырылған әдебиетті, сол немесе басқа жердің көрнектіліктері туралы, бағдар ерекшеліктерімен қоса туристік карталарды үйрену қажет. Топтың дайындығы мен бағдарды таңдау жорықтың негізін құрайды.

Жорықтың ауданы жорық мақсаты мен жыл мезгіліне сәйкес таңдалады. Жорыққа қатысушыларға туған өлкенің көрнекті жерлерін көрсету, оның тарихымен таныстыру керек. Дәрежелік жорықтарға дайындалуда жорық ауданын таңдау әлдеқайда қиынырақ. Бағдарды өткізу көзделген ауданды таңдау үшін топографиялық карталарды зерттеу қажет.

Жалпы мәліметтерді жинақтау және жорықты ұйымдастыру үшін

ресурстарды бағалауды жүргізген соң, ірі масштабты және орта масштабты карталарды пайдалана отырып, бағдарды дайындауға тыңғылықты кіріседі. Ең алдымен жүріс күнінің саны, бағдардың ұзақтығы, сонымен қатар осы күндерде туристер жүріп өте алатын жорықтың қиындық дәрежесі анықталады. Бағдар сызықтары картаға сызылады, жорамалданған аялдама мен түнеу жерлері көрсетіледі, қиын жерлер мен өткелдер сипатталады, сонымен қатар туристерге көрсету үшін саяхат нысандары анықталады.

Қатысушылар жорықты өздері ұйымдастыратын туристік топтарда қызметтік міндеттер бөлінеді. Топ жетекшісі – тәжірибесі мол және беделді турист немесе дайындалған нұсқаушы. Ол оқушылармен туристік жорықтың, экспедицияның және саяхаттың қауіпсіздігіне, ұйымдастырылуы мен өткізілуіне жауап береді. Тамақтану бойынша шаруашылық меңгерушісі жорық мәзірін, майлылығын, алуан түрлілігін құрастырады, азық-түліктердің алынуын, оларды буып-түюді ұйымдастырады, жол жүру кезінде олардың шығынын басқарады. Жетекші орынбасарының қызметіне шатырлардың, топтық және арнайы жабдықтардың таңдалуы мен дайындығы кіреді. Медициналық қызметкер қатысушылардың жағдайын қадағалайды және қажет болған жағдайда медициналық көмек көрсетеді.

Туристік жоспарланған бағдарда қатысушылар барлық қажетті нәрсемен қамтылады: туристік жабдыкталуы, орналасуы, тамақтануы, мәдени-көпшілік іс-шаралардың өткізілуі, саяхат бағдарламасы.

Оқушылармен туристік жорық, экспедиция және саяхатты ұйымдастыру мен өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және басқа да нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Туристік жорық, экспедиция және саяхатқа қатысушылар **білуі қажет:**

бағдарды өту қауіпсіздігіне әсер ететін табиғат ортасы факторларын және өз ағзасының жағдайын;

бағдардағы қиындықтар мен қауіптерді түсіне білуі;

құтқарушылар келгенше жарақаттанушыға немесе өзіне өз бетінше көмек көрсете білу мүмкіндіктерін шамалай білуі;

шаршау, салқындау және үсіп қалу белгілерін білуі.

Туристік жорық, экспедиция және саяхатқа қатысушылардың қолынан келуі қажет:

өз денсаулығына бақылау жасау;

өз дайындығының деңгейін бағалау;

бағдардағы өз жүріс-тұрысы, әрекеттерімен басқа туристік топтармен және жергілікті тұрғындармен достық қарым-қатынастың қалыптасуына жағдай жасау, олардың салт-дәстүрлерін және мәдени

ерекшеліктерін ескеру;

қауіпсіздікке жауапкершілік алу және тәртіпке қарсы әрекет жасамау;

апат жағдайында алдын алу мен жою шараларына шаралар қабылдай білу;

зардап шеккендерге алғашқы дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету;

бағдар құжаттарын дайындау.

Оқушылармен туристік жорық, экспедиция және саяхат бағдарлары келесі критерийлермен анықталады:

саяхат ауданы қолжетімді болуы керек (ондағы бар көлік жүйесі оның тез сенімді жетуін қамтамасыз етуі керек);

бағдар қысқа, қызықты (әртүрлі) және барынша қарапайым болуы керек.

Европалық балалар және жастар туризмі орталықтарын жалпы ерекшелейтін белгілер - спорттық-сауықтыру қызметінің кең спектрі бар мол саяхат-танымдық бағдарламалары.

Англия, Франция, Германия, Австрия және басқа елдердің оқу орындарында педагогиканың жеке пәндерін оқу кезінде оқушылармен жұмыс жүргізуде төңіректерге жаяу серуендер мен сапарларды қолданылады. Осындай әдістер оқушыларға танымдық және шығармашылықтағы қажеттіліктерді барынша жүзеге асыруға, өзін-өзі тұлғалық және кәсіби жетілдіруге және өзін-өзі анықтауға мүмкіндік береді.

Тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында **Францияда** және басқа еуропалық елдерде жастардың білім туризмі кеңінен қолданылады және бюджеттік қаражаттармен молынан субсидияланады.

Словакияда ата-аналар тарапынан да және балалар тарапынан да кұпия үңгірлерге саяхат, виндсерфинг, ат үстінде жүру немесе құзға шығу кіретін балалар туризмінің бағдарламалары сұранысқа ие және табысты жүзеге асырылуда.

Жапонияда оқушылар мектеп демалыстары кезінде түрлі халық кәсібін үйрену үшін жолға шығады. Осындай саяхаттар, бір жағынан еңбекке құрмет тәрбиелейді, елдің экономикалық әлеуеті туралы оқушылардың түсініктерін кеңейтеді. Олар түрлі салалардың тарихы туралы әңгімелермен, сондай-ақ елдің дамуы туралы бағдарламалармен ұштастырылған болуы мүмкін. Бір жағынан, осындай сапарлардың маңызды тәжірибелік мақсаты бар – оқушыларға болашақ мамандықтарын таңдауға көмек көрсету.

Канадада, Кенияда, АҚШ-та, Қытайда жастар арасында ұлттық саябақтар мен қорықтарға бару ерекше кеңінен таралған.

Балалар-жасөспірімдер туризмі **Германиядағы** өскелең ұрпақтың өмір сүру салтының ажырамас бөлігіне айналды. Жастар қызметіне Германияның (600-ден астам, олар неміс жастар туристік базасы одағына біріккен) өзіндегі көрікті жерлерде орналасқан жастарға арналған туристік базалардың кең желісі, сонымен қатар жас неміс табиғат әуесқойлары үшін қымбатқа түспейтін 400-ден астам үйлер қолданысқа ұсынылған.

Қазір балалар-жасөспірімдер туризмі **Грецияда** белсенді демалыстың сұранысқа ие басым бағытына айналуға екендігін атап өткен жөн. Осы салада елдің күшті позициялары бар және кең қызмет түрлерін ұсынуда, солардың арасында – бағдарламалар құрастыру және командалар мен делегацияларды қабылдау; жеке командалардың оқу-жаттықтыру жиындарын өткізу үшін туристік базалар дайындау; жарыстар дайындау мен өткізу; Греция аумағында өткізілетін дәстүрлі халықаралық жарыстарға қатысушылар үшін кең ауқымды қызмет түрлерін ұсыну, сонымен қатар туристік маусым барысында және аяқталу кезінде балалар демалысын ұйымдастыру. Одан бөлек, келесі қызмет түрлері де көрсетіледі:

құрылғылар мен құрал-жабдықтарды жалға алу, оқу-жаттықтыру жиындары үшін қажетті жағдай жасау;

федерациялар, клубтар және мектептермен қарым-қатынас орнату үшін көмек көрсету;

қонақүйлер жалдау, тасымалдау және балалар үшін арнайы тамақтануды ұйымдастыру;

мәдени демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру;

туризмнің әр түрлері бойынша түрлі халықаралық конференциялар, семинарлар және симпозиумдарға қатысушыларға практикалық көмек көрсету.

Грецияда виндсерфингпен айналысу үшін қажетті барлық шарттар бар: жақсы климат, тамаша табиғат жағдайлары, көркем көрінісі мен заманауи жағажайлары бар қолайлы жерлер. Грецияның кез келген жағажайында серфингпен айналысу үшін қажет жабдықтарды жалға алуға, ал арнайы мамандандырылған мектептерде толқындарды бағындыру негіздері бойынша сабақтар өткізіледі. Серфинг үшін Грециядағы ең қолайлы уақыт – көктем, жаз және күз, ал үздік аймақтар – Эгей теңізінің Родос, Лефкада, Наксос, Парос, Кос, Миконос, Крит, Иос аралдарында жаздық самалдар соғады. Грек теңіздері Жерорта теңізіндегі ең таза теңіздер деп есептеледі. Грецияда көптеген су асты жүзу орталықтары мен мектептері бар, олар Аттика, Крит, Киклад пен Додеканис аралдарында, Эвбея, Ион аралдарында, Македонияда, Пелопоннесте, Оңтүстік және Солтүстік Спорад аралдарында орналасқан.

Румыния елінің маңызды физико-географиялық ерекшелігі – Карпат тау жүйесі. Оңтүстік Карпат және Пятра Краюлуй, Бучедж және Фэгэраштау сілемдерін жас туристер бағындырған. Саяхаттауға румындықтар ғана емес, Польша, Чехия, Германия топтары да жиі кездеседі. Тауда туристік қызмет көрсету жүйесі дамыған: баспаналар (рефуджиялар), таудағы қонақ үйлері, жақсы кіреберіс жолдар және арқан жолдары. Соқпақтар әдетте бояумен немесе екі метрлік жолақ бағаналармен белгіленген (қыс үшін). Кейде белгіленген соқпақтардың қауіпті және күрделі жерлерінде сақтандыру шынжырлары немесе арқандар ілінген. Дегенмен, толығымен дербес бағдар орнату қиын емес, алайда қажеттілік болса жақын елді мекенге жарты күнде жетуге болады. Румынияда Салвамонт (Salvamont) тауда құтқару қызметі бар. Тауда жүру ережесі біршама либералды: тек қана Ретезат қорық болып табылады, қалған жерлерде, мысалы, ұлттық саябақтарда түнеуге, шатырлар мен от орнатуға рұқсат етілген орындар көрсетілген. Бағдарлар туралы ақпаратты румын кітап дүкендерінде немесе Салвамонтте бар арнайы әдебиеттерден табуға болады.

Оңтүстік Карпаттағы қысқы туризм түрі жартастағы жоғары қар көшкіні қауіптілігіне байланысты қиындатылған, ол арқылы негізгі белгіленген бағдарлар өтеді. Көптеген соқпақтар бойымен қозғалыс ұсынылмайды немесе тыйым салынған. Дегенмен, балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту үшін кең мүмкіндіктер бар. Қазақстан Республикасы азаматтары үшін виза қажет. Төлқұжатпен бірге Румынияда болатын барлық уақытқа медициналық сақтандыру қажет, сонымен бірге ресми түрдегі адам басына 240\$ ақшаның минималды сомасы болуы керек.

Ресейде балалар-жасөспірімдер туризмі жаппай сипаттамаға ие. Балалар және жастардың көптеген туристік клубтары, орталықтары, станциялары мен бірлестіктері бай тарихи мұраларды, мәдениет ескерткіштері мен ерекше табиғат ресурстарын қолдана отырып, түрлі қиындық дәрежесіндегі туристік жорықтарды: өзендер мен көлдерден сал ағу, жаяу және ат үстіндегі саяхаттар, экскурсиялық қызмет етумен туристік сапарлар және тағы басқа балалардың, жасөспірімдердің, жастардың белсенді демалысын ұйымдастырады. Бұл жұмысты ұйымдастыруда ең белсенді рөлді балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталықтары атқарады.

Ресей Федерациясының мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарының өзара әрекеттесу деңгейі бойынша басқа өңірлерге үлгі болатындығын атап өткен жөн. Мысалы, Краснодар өлкесінде балалар-жасөспірімдер туризмінің дамуы бойынша жалпы үйлестіру жұмыстарын Жас туристердің өлкелік станциясы жүзеге асырады. Балалар туризмін жағдайы төмен отбасынан шыққан жасөспірімдерге

тәрбиелеу құралы ретінде қолдануды Краснодар өңірлік балалар қоғамдық ұйымы «ЮНЕСКО клубы» (Туапсе қ.) белсенді түрде дамытуда. Ұйымның негізгі іс-шарасы - 1966 жылдан бастап Краснодар өлкесінің таулы аудандарында өткізілетін дәстүрлі жаздық «Тропа» кешендік экспедициясы. Осы қоғамдық бірлестік өткізетін экспедицияда Самара мен Самара облысы, Санкт-Петербург, Новосибирск, Екатеринбург, Волгоградтың 8-14 жастағы балалары қатысады. Экспедиция нәтижесінде қатысушылар күшімен Небуг өзенінің бұлақтарын Басты Кавказ жотасымен біріктіретін 14 км тау соқпағы салынды.

Жұмыстың басқа ерекшелігі жаңа дәстүрлерге бастама беру болып табылады. Оған мысал ретінде Самара облысында жылда өткізілетін Валерий Грушин атындағы туристік әндер фестивалі жатады. Валерий Грушин – Куйбышев авиация институтының туристік секциясының мүшесі, Саяндағы Уде өзенінде сал өткізуші балалар тобын құтқару кезінде қаза тапқан.

Оңтүстік Шығыс Азия елдері бүкіл әлемге балалардың табиғаттағы белсенді демалысы мен экотуризм үшін тамаша жерлерімен танымал. Бұл жерде джунглиге жорықтар, тік жартасқа көтерілу, асау өзендерден салдар мен рафтарда ағу, теңіздің тыныш суларына сүңгу, парапландарда ұшу және тағы көптеген балалар-жасөспірімдер туризмінің түрлері белгілі.

Скауттық қозғалыс 1907 жылы **Англияда** басталды, оның негізін қалаған Роберт Баден-Пауэлл. «Скаут» ағылшын сөзі және «тыңшы» ретінде аударылады. Скауттық қозғалыс – жастарды кешенді дамытумен айналысатын бүкіл әлемдік балалар-жасөспірімдер ұйымы. Скауттық қозғалыстың негізгі мақсаты – балаларда отан сүйгіштікті, азаматтық борышты, ұйымдастырушылықты, өз бойына сенімділік пен мінез-құлықты тәрбиелеу.

АҚШ-та скауттық қозғалыс Уильям Бойстың күш салуы арқасында дамыды. Ол 1909 жылы Лондонға бизнес шаруалары бойынша келген. Лондон көшелерінде адасып қалған саудагер баладан жол сұрайды. Бала жолды қалай табу керектігін түсіндіріп, бизнесменді қажет жеріне дейін жеке шығарып салады. Бала ұсынған ақшадан бас тартып, еңсесін көтеріп тұрып бойскаут екендігін, ал адамдарға көмек көрсету өзінің міндеті екендігін айтады.

Бойстың скауттарға қызығушылығы пайда болып, олардың тарихын, идеясын, жарғыларын зерттей бастады. Балалар ұйымы бизнесменді таң қалдырады. Америкаға келген соң ол 1910 жылы 8 ақпанда скауттық қозғалыстың негізін қалайды. Бастапқы кезде ұйым тек ер балалардан- бойскауттардан құралады, бірақ 1950 жылы скауттар қатарына қыз балалар да – герлскауттарда қабылдана бастады.

Ұйымның нақты иерархиясы, марапаттар жүйесі және ерекшелігі бар. 6 жастан 18 жасқа дейінгі кез келген бала, ұлтына, ауқаттылығына, денсаулығы мен біліміне қарамастан скаут бола алады. Жалпы идеялары мен қағидаларынан басқа скауттарды өмір сүрудің практикалық дағдыларына: орманда бағдарлану, от жағу тәсілдеріне, жүзуге, құзға шығуға үйретеді. Қыз балалар үшін әйелдің әлеуметтік маңыздылығын күшейтуге баса назар аударылады.

Скауттық ұйым қоғамдық бастамалардан құралған және мүшелік жарналарға, қайырымдарға, демеушілік көмекке тәуелді.

Ұйымда скаутингтің атрибуттары ұсақ-түйегіне дейін ойластырылған. «Дайын бол!» ұстанымын Баден-Пауэллдің өзі ойлап тапқан. Негізін қалаушы ұстанымды бойскауттар туралы өзінің патриоттық мақаласынан алған. Толығымен ұран былай болған: «отан үшін қаза болуға дайын бол... үйден шығып бара жатып, тірі келетінің туралы ойланба».

Жастарды скаутинг рухында тәрбиелеу үшін арнайы тәсіл қолданылады: әрбір скаут өз еркімен сертті орындауға ант береді, «жамандық істеме, жақсылық істе» сөзімен жеткізуге болатын нақты жүріс-тұрыс стилін дайындайды. Скауттық әдіс үш қағидадан құралады: Құдай алдындағы өз борышын, азаматтық борышын, өз алдындағы борышын түсіне білу. Барлық скауттар шағын топтарға, патрульдерге бөлінеді. Әрбір патрульдің жалаушасы мен ұраны болады. Барлық бағдарламалар, жобалар, ойындар балалардың азаматтық жауапкершілігіне, борышына, рухани және тұлғалық дамуына бағытталған:

табиғаттағы тұрақты белсенді қызмет, ең алдымен скауттық лагерьлерде;

ұйымды құру кезінде пайда болған берік дәстүрлер;

практикалық оқыту мен дағдыларды өмірде қолдану;

ересектер тарапынан үнемі қолдау мен көмек;

скауттық заңдар мен жарғылардың қатаң сақталуы: адал, сыпайы, еңбексүйгіш, қарапайым болу және басқалары.

Скауттардың лала гүлі түріндегі өз эмблемасы, сол қолмен ерекше амандасуы, салтанатты шаралар үшін салют, галстугы бар формасы, жапсырма мен төсбелгі түріндегі ерекшелену белгілері болады.

Америкадағы қазіргі скауттар – балалар мен жастардың ірі ұйымы. Қозғалыстың АҚШ-тағы барлық уақытында 110 миллионнан астам американдық скаут атанды. Қазір оның қатарына 3 миллионнан астам балалар мен 1 миллионнан астам ересектер кіреді. Ұйымның көптеген қызметкерлері ақысыз негізде жұмыс істейді.

Әлемдік статистика бойынша скауттық ұйым арқылы елдің 5%

жастары өтеді, бірақ ірі фирмалар, саяси партиялар жетекшілері арасында бұрынғы скауттық ұйым мүшелерінің пайыздық көрсеткіші одан да көп. Бұл көрсеткіштердің заңдылығы түсінікті, скаутинг қатысушыларды белсенді өмірлік ұстанымға, таңдаған қызмет түрінде табысқа жетуге, өзіндік тәртіпке тәрбиелеуге, өзіне талап қоя білуді, көшбасшылыққа үйретеді.

Қазіргі таңда скаутинг бүкіл әлемде 217 елден 38 миллион адамды біріктіреді. Скауттық ұйым Бүкіл әлемдік скауттық қозғалыс ұйымына біріктірілген.

Осылайша, туристік-өлкетану қызметінің функциясы мен міндеттері алуан түрлі екендігін атап өту керек. Балалар және жасөспірімдермен туристік-өлкетану жұмысы тұлғаның жан-жақты дамуы қалыптасуы үшін кешенді әсер ететін тиімді құрал болып табылады. Туристік-өлкетану қызметі барысында тұлғаға дұрыс педагогикалық ыңғай таба білгенде, тәрбиелеудің барлық түрі бірігеді: патриоттық, адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене, экологиялық; ой-өрісі барынша кеңейеді, танымдық белсенділігі дамиды, денсаулығы күшейеді, бос уақытын саналы пайдаланады, ерік-жігер қасиеттері – ұйымшылдығы, бастамашылдығы және дербестігі тәрбиеленеді.

Табиғат жағдайларында білім алушылармен туристік жорықтар, экспедициялар, жарыстар мен слеттер ұйымдастыру және өткізу барысындағы туристік-өлкетану қызметіндегі ерекшеліктерге байланысты әр түрлі табиғи кедергілерді еңсеруге, қауіп-қатерлер мен қиындықтарға кездесуге тура келеді. Туристік бағдарда және туризм, спорттық бағдарлану бойынша жарыстар қашықтығында білім алушыларға күрделі, қарлы, сусымалы, шөп бөктерлер мен асуларды, босағасы тасты өзендерді, батпақтарды, үйінділерді және шатқалдарды өтуге тура келеді, оларда қиындықтар, қауіп-қатерлер, экстремалды және тіпті апаттық жағдайлар туындауы мүмкін.

Туристік-өлкетану іс-шаралары, оның ішінде жорықтар, экспедициялар, саяхаттар, жарыстар мен слеттер, туризм мен спорттық бағдарлану бойынша оқу-жаттықтыру сабақтары кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жарақаттану мен апаттық жағдайларды алдын алу бойынша шараларды ойдағыдай өткізудің маңызды шарты болып табылады. Осыған байланысты, Қазақстан аумағында оқушылармен туристік жорықтар, экспедициялар және саяхаттар ұйымдастыру және өткізу нұсқаулығының жобасы әзірленді.

Қазақстан аумағында оқушылармен туристік жорықтар, экспедициялар және саяхаттар ұйымдастыру және өткізу нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан аумағында оқушылармен туристік жорықтар, экспедициялар және саяхаттар ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Баланың құқығы туралы», «Қазақстан Республикасының туристік қызметі туралы» және басқа да нормативтік құқықтық құжаттар негізінде әзірленген.

2. Нұсқаулық Қазақстан Республикасы аумағында білім алушылармен туристік жорық, экспедиция және саяхат ұйымдастыратын және өткізетін заңды және жеке тұлғалар үшін ұсынылған.

3. Нұсқаулықта қолданылатын негізгі түсініктер:

1) Туристік серуен – тынығу және танымдық мақсатта елді мекенде немесе оның маңында белсенді қозғалу тәсілімен қысқа мерзімге (1-4 сағат) білім алушылардың топ болып шығуы.

2) Туристік жорық – бұл танымдық, тәрбиелеу, сауықтыру, денені және спортты дамыту, қоғамдық пайдалы, іздеу, танымдық-зерттеушілік, рекреациялық, спорттық-туристік нормативтерде анықталған спорттық-туристік мақсатта, мазмұнды демалыстың әскери-қолданбалы дағдыларды өтеу жолындағы өлкетанушылық жұмыстар мақсатында білім алушылардың белсенді қозғалыс тәсілдерінің нақты бағытымен ұйымдасқан түрде өтуі.

3) Туристік экспедиция - бір немесе бірнеше нысандардың аумағын зерттеу мақсатында, қоғамдық-пайдалы, ізденіс, ғылыми-зерттеу және басқа да ұзақтығы 2 не одан да көп күн туристік топтың табиғат аясында қозғалудың белсенді немесе кешенді тәсілдері қолданылатын қызметті орындауы және бағдардан өтуі.

4) Туристік саяхат (лат. Excursio – серуен, сапар) – бұл саяхат жүргізушінің жетекшілігімен білім беру, ғылыми, спорттық немесе рекреациялық мақсатта ұйымдастырылған ұжымдық, топтық, жеке сапар, серуен немесе нысандарды (мұражайды, көрікті жерлерді, көрмелерді, кәсіпорындарды, мәдениет, тарих, табиғат ескерткіштерін және т.б.) аралау.

5) Саяхаттық қызмет - туристерді орналастыру (түнеу) бойынша қызметті қарастырмайтын және жиырма төрт сағаттан

аспайтын мерзімді қамтитын, елдегі немесе уақытша тұрақтайтын жердегі тану мақсатында туристік ресурстарды аралауды ұйымдастыру бойынша қызмет.

6) Туристік экспедиция (лат. *expeditio* - жорық):

туризм үшін келешегі бар аудандарды зерттеу және меңгеру, жаңа бағдарларды өңдеу, туристік бағдарлар мен олардың жеке элементтерінің (оның ішінде кедергілер) жіктелуін анықтау, табиғатты қорғау қызметі бойынша ақпараттарды жинау және ұсынымдарды әзірлеу, туристік жарақтардың жаңа түрлерін сынақтан өткізу, қауіпсіздік шараларын әзірлеу және т.б. мақсатта орындалатын, бағдарлары өзара байланысты жорық немесе бірнеше жорықтар;

өлкетану, зерттеу, тәрбиелеу шараларын міндетті компонент ретінде туристік жорыққа қосады.

7) Туристік лагерьлер – білім алушылардың туристік-өлкетану бағытындағы ұйымдарда алған теориялық білімдері негізіндегі туристік дағдыларды тәжірибелік өңдеумен далалық жағдайда туризм мен өлкетанудың әр түрлері бойынша өткізілетін шатырлы лагерьлер.

8) Туристік база – туристік бағдарда орналасқан және туристерді орналастыру мен олардың туристік жорыққа дайындығы үшін арнайы құрылған қонақжайлылық индустриясының кәсіпорны.

9) Бивак, бивуак (фр. *bivouac*) - нағыз табиғи орта жағдайында адамдардың түнеуі мен демалуы үшін орналасқан жер. Бивакты ұйымдастыру нағыз табиғи ортада ұзақ болу қажеттілігіне қарай, табиғи кедергілерден өтумен (альпинизм, құзға шығу, туризм, спелеология) байланысты, спорт түрінің қажетті және міндетті элементі болып табылады.

10) Базалық лагерь – бірнеше рет қолданылатын бивуак. Оқу және жаттығу сабақтары, радиалды жорықтар үшін бастапқы нүкте ретінде, бағдардың салыстырмалы түрдегі оңай жолдары мен техникалық қиын аумақтары арасында өтпелі бекет ретінде қызмет атқарады. Базалық лагерьді балалармен бірге оқу іс-шараларының, туриадалардың, туристік жорықтардың қатысушылары ұйымдастырады. Базалық лагерь үшін орынды барынша қауіпсіздігін және ыңғайлылығын есепке ала отырып таңдайды; ол мүмкіндігінше тас түсетін, көшкін, сел, су тасқыны, су деңгейінің көтерілуі мүмкін болатын жерлерден алыс болуы керек.

11) Қауіпсіздік – дәрежелік туристік бағдардың сапасын бағалаудың негізгі критерийі. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету туристік бағдарларды, саяхаттарды, жарыстарды дайындау мен өткізуді, ұйымдастырудың жалпы жүйесіндегі көлемді жұмыстар жиынтығы мен шараларды орындауды қарастырады. Оларға: жорыққа қатысушылар мен жетекшілердің дене, тактикалық, техникалық және арнайы дайындығы; туристік бағдарларды барлау, өңдеу және жабдықтау, сонымен қатар жарыс пен

жаттығуларды өткізу орны; туристік топтарды материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету; туристік кеңес, тексеру және бақылауды ұйымдастыру; жедел көмек (қажет жағдайда) көрсету; іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізу және т.б. кіреді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша осындай немесе басқа шаралардың қажеттілігі мен нәтижелілігі әр бөлек жағдайда туризм түрінің ерекшеліктерін, бағдардағы нақты жағдайды есепке ала отырып анықталады.

12) Жүру кестесі - кесте немесе графикалық түрде берілген бағдарды өту кезеңдерін уақытқа ретпен бөлу. Туристік тәжірибеде қозғалудың жоспарлау және атқару кестесі ажыратылады. Жоспарланған қозғалыс кестесі туристік жорыққа дайындық кезінде жасалады және қысқартылған түрде бағдар кітапшасының құрамына енеді. Қозғалыстың атқару кестесі жорық кезінде немесе кейін жасалады және жорық туралы есепке тіркеледі. Қозғалыс кестесінде жолдың әр кезеңінің басталуы мен аяқталуы, оның ұзақтығы, сағат пен минутта көрсетілген кезеңдерді өту уақыты, биіктік белгілері немесе биіктіктердің айырмашылығы, сонымен қатар жолдың сипаты, қолданылған қозғалыс техникасы мен сақтандыру, уақыт пен бағдарға байланыстырып, қауіпті жерлер және көрікті жерлер көрсетіледі.

13) Туристік күнделік - туристік бағдардағы оқиғалардың уақыт бойынша жүйелі жазбасы. Бақылау процесінде жетекші, арнайы белгіленген (жылнамашы) қатысушы немесе туристік топтың барлық қатысушылары жүйелі түрде кезекпен жүргізеді.

14) Бағдар құжаттары - туристік жорықтың бағдарын әзірлеуге және өтуге арналған қажетті мәтіндік және графикалық құжаттар. Бағдарлық құжаттарға:

бағдар парағы, кітапша, карталар, сызбалар және басқалар;

бағдардың және оның жеке бөліктерінің немесе жол сілтемесінің сипаттамасы;

қорықшаларды, қорықтарды және басқа кіруге шектеу қойылған территорияларды аралауға арналған рұқсатнама;

жазбаша түрде ұсынылған, туристік күнделік және жорық туралы есеп кіреді. Бағдарлық құжаттардың жасалуына, алынуына және сапасына жорықтың жетекшісі жауап береді.

Классификацияланған бағдар – өз бетінше ұйымдастырылған немесе қиындық дәрежесінің біріне сәйкес келетін жоспарлы туризмнің бағдары.

15) Туристік бағдардың, жорықтың қиындық дәрежесі – классификациялық белгілер жиынтығымен анықталады: кедергілердің сипатына, санына және алуан түрлілігіне тәуелді бағдардың ұзақтығы, ұзындығы, техникалық қиындығы.

16) Қиыншылық дәрежесі – бағдарларда жеке кедергілерден өту деңгейін сипаттайтын классификациялық көрсеткіш. Спорттық туризмнің әрбір түрлеріне тән кедергілерден өту қиындығына, жорық ауданына, дербестігіне, жаңашылдығына, бағдардың ұзындығына және оның басқа да факторларына байланысты, жорықтар қиындық деңгейінің өсуі бойынша демалыс күндерінің жорықтары, 1-ден 3-ке дейінгі қиындық деңгейлі жорықтар және 1-ден 6-ға дейінгі қиындық дәрежесі (одан әрі - к.д.) - дәрежелік жорықтар деп жіктеледі.

17) Дәрежелік туристік жорықтар - бұл бағдары белгілі бір көрсеткіштерге ие, білім алушылармен бірге оқу-спорттық туристік жорықтар. Дәрежелік жорық бағдарларынан өту спорттық туризм бойынша разрядтарды иелену үшін нормативтерді орындауға мүмкіндік береді.

18) Дәрежелік емес туристік жорық - дәрежелік бағдарлармен салыстырғанда жорықтың ұзақтығы, ұзындығы бойынша азайтылған көрсеткіштері бар және білім алушылардың негізгі топта дене шынықтырумен айналысуына рұқсатнама үшін қажетті талаптардан білім алушылардың денсаулығына көлемі жоғары талаптарды сұрамайтын туристік жорық.

Спорттық туризмнің әрі түрлеріне тән кедергілерден өту қиындығына, ауданның географиясына, дербестігіне, жаңашылдығына, ұзақтығы және басқа факторлардың қатарына байланысты, бағдарлар қиындығының күрделенуі бойынша:

демалыс күн бағдары;

I-ден III деңгейдегі қиындық бағдары;

I-ден VI-ға дейінгі дәрежелік қиындықтағы дәрежелік бағдарлар болып бөлінеді.

Балалар-жасөспірімдер туризмінің ерекшелігін есепке алу үшін жасөспірімдер разрядтарын беру кезінде қолданылатын, сабақтың бастапқы кезеңінде дәрежелік емес туристік жорықтардың қиындығының үш деңгейі орнатылған (6-қосымша, 3-8-кестелер).

19) Туристік бақылау бағдары (ТББ) - жасанды және табиғи кедергілері бар, қашықтықты белгілі уақыт аралығында өту. Тұрған орнында бағдарлау, кедергілерден өту техникасы мен тактикасы, өлкетану жұмыстары элементтерінен тұрады.

20) Базалық лагерь - бірнеше рет қолданылатын бивак, оқу және жаттығу сабақтарының, радиалды жорықтардың бастапқы нүктесі ретінде, салыстырмалы түрде жеңіл тәсілдер мен бағдардың техникалық қиын бөліктері арасында өткел бекеті ретінде қызмет атқарады.

21) Туристік лагерь – туристерді орналастыратын орын. Белгіленуіне сәйкес уақытша немесе стационарлық болуы мүмкін.

Туристік контингентке және белгіленуіне байланысты туристік лагерьдің бірнеше түрлері ажыратылады: альпинистік лагерь, базалық лагерь, бивак, кемпинг, лагерьлік тұрақ, туристік-сауықтыру лагерьі, балалар туристік лагерьі және басқалар.

22) Туристік-сауықтыру лагерьі – табиғи ортада белсенді демалыс үшін арналған арнайы рекреациялық кәсіпорын.

23) Бейінді шатырлық лагерь – табиғи орта жағдайында балалар-жасөспірімдер туризмінің түрлі бағыттары бойынша сауықтыру-білім беру ұйымы.

24) Лагерьлік тұрақ – туристердің демалуы және түнеуі үшін арнайы бөлінген аймақ. Әрдайымғы жаяу, тау, су, атты және велосипед бағдарларында қарастырылады.

25) Туристі дайындау – туризмнің кез келген түрінде түрлі қиындық дәрежесіндегі туристік жорықтарды сәтті жүзеге асыру үшін қажетті білім, қабілет және дағдыны меңгеру процесі.

26) Туристік бағдар – тарихи және табиғи ескерткіштерді, сонымен қатар басқа да орындарды, мысалы, аялдау орындарын ретпен аралауды анықтайтын туристердің қозғалу жолы. Бағыты бойынша бағдарлар сызықтық, сақиналы, радиалды деп бөлінеді. Сонымен қатар, бағдарлар туризм түрі бойынша: жаяу, су, тау, шаңғы, велосипед, автокөлік, мотоциклетті, спелео, желкенді, атты және олардың біріккен бағдарлары болуы мүмкін. Туристер бағдарларда жаяу немесе атта, велосипедте, көлікте, су және басқа қозғалу құралдарымен қозғала алады. Өткізу уақыты бойынша бағдарлар жыл бойына созылған, маусымдық және бір реттік болып бөлінеді.

27) Бағдарларды таңбалау (нем. markieren – белгі қою) – шартты белгілер жүйесінің көмегімен туристік жорықтар, экспедициялар және саяхаттар бағдарларын белгілеу. Туристердің аялдау орындары, жол жүру барысындағы табиғи кедергілер мен қауіпті жерлер, бағдарда тәртіптің ұсынылатын немесе тыйым салынған формалары, берілген бағдардың табиғи, тарихи және мәдени көрікті жерлері, мәдени қызмет көрсету нысандары туралы ақпараттандыру үшін жүзеге асады.

Бағдарларды белгілеу үшін сілтегіш белгілер, бағдарлық таңбалар, сонымен қатар, ескерту белгілері, кеңес беретін белгілер, тыйым салатын белгілер, бағдардың сілтемелері, бағдар сызбалары, қашықтық көрсеткіштері, бағдар көрсеткіші қолданылады.

28) Бағдардың ұзақтығы топтың дайындығы оның қиындығына сәйкес келетін, ауа-райының әсеріне байланысты, қиындық өтемақысына демалыс пен қосымша күндерді есепке алмағандағы, орташа алынған топтың бағдарды жүруі үшін қажетті ең қысқа уақыт.

29) Бағдардың ұзындығы – берілген қиындық дәрежесіндегі бағдардың ең аз шекті ұзындығы.

30) Кез келген дәрежедегі бағдардың техникалық қиындығы, әр туризм түрінің кедергілері үшін әдеттегі белгілі деңгейді болжайды, сонымен бірге төмен қиындық дәрежесіндегі бағдарларға қарағанда, жоғарырақ қиындық дәрежесіне қиынырақ кедергілер тән.

31) Туристік соқпақ – танымдық туризм және рекреациялық территорияда табиғатты қорғау режимін қамтамасыз ету үшін қолданылатын таңбаланған бағдар.

32) Бағдарлық кітапша – туристік спорттық бағдар жасайтын, топтың негізгі жол құжаты.

33) Бағдарлық-біліктілік комиссия (ББК) – туристік жорықты сараптамалық бағалауды жоспарлау кезеңінде және туристік бағдарды өту нәтижелерін қорытындылауды жүзеге асыратын туристік-спорттық ұйымның қоғамдық органы.

34) Бағдар парағы – жорық және экспедиция немесе саяхат жасайтын туристік топтың негізгі жол құжаты.

35) Маусымаралық – туристердің берілген ауданға баруы үшін барынша қолайлы жыл мезгілі.

36) Туристік көпсайыс негізінде қашықтыққа өткізілетін жарыстар жатқан, табиғи орта мен жасанды бедерде салынған және кедергілерден (өзендер, құздар, кіреберістер, каньондар, үңгірлер және басқалары) өтуден тұратын спорт түрі.

Жарыс қашықтықты өту кезінде күшті туристік топтарды және жеке қатысушыларды анықтаудан тұрады.

37) Туристік слет – тұлғаның шығармашылық дамуына жағдай жасау, білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы, олардың қабілетін ашу, қоғамдық өмірге бейімдеу, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, мазмұнды бос уақытты ұйымдастыру мақсатында өткізілетін табиғи орта жағдайындағы кешенді туристік іс-шара.

38) Жәрмеңке, байқау, фестиваль - кино, фотосурет, бейнематериалдарды қолдану, түрлі іс-шараларда туристік жетістіктерді көрсету, мысалы, өз бетінше жасалған туристік жарақтардың көрмесі, туристік әндер фестивалі.

39) Жарыстар – табиғи және жасанды кедергілерден тұратын қашықтыққа жүру, қозғалуды жеңілдететін, қауіпсіздікті, техникалық және тактикалық міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін жарақтарды қолданумен арнайы тапсырмаларды орындау.

40) Туриспен төтенше оқиға – туристтің саяхаттан оралмауы, сонымен қатар, туристтің қаза болуына немесе оның денсаулығына зиян алып келетін, не алып келуі мүмкін сәтсіздік, апат және зілзала

нәтижесінде туындаған саяхат кезіндегі белгілі территориядағы жағымсыз жағдай.

41) Туристік ресурстар – туристердің рухани қажеттілігін қанағаттандыра алатын, олардың дене күшін қалпына келтіруге және дамытуға ықпал ететін, табиғи-климаттық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, сонымен қатар, басқа нысандардан тұратын ресурстар.

42) Туристік бағдар – танымдық, спорттық немесе басқа мақсатта өту, көру үшін белгіленген барлық географиялық бекеттер мен нысандардың тізімін көрсететін туристің немесе топтың жүру жолы.

43) Тур – белгілі мерзім шеңберінде нақты бағдар бойынша саяхаттан тұратын туристік қызмет жиынтығы.

44) Лоция – теңіздер, мұхиттар және олардың жағалауларының сипаттамасы. Ол айрықша жерлердің, белгілердің және жағалаулардың сипаттамаларын қамтиды, сонымен қатар, қауіпсіз жүзу жолдары және жүзу құралдары мен провизияға қажетті жабдықтар мен тәсілдерді сипаттайтын жағалаулардағы аялдамалар бойынша толық ережеден тұрады.

45) Турист – уақытша тұрақтайтын елге (жерге) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейінгі мерзімге келетін және сол елде (жерде) сауықтыру, рекреациялық, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де ақылы қызметпен айналыспайтын мақсаттарда кемінде бір рет түнейтін жеке тұлға.

46) Туризм (фр. «tourisme») – бос уақыттағы саяхат ретінде анықталады.

47) Туризм – бұл тұрақтау орнында марапаттауға ұсынылатын қызмет түрі кездеспейтін, бос уақыт, бизнес немесе басқа мақсатта дәйекті түрде бір жылдан артық емес мерзімде, олардың күнделікті ортасынан тыс жерлерде саяхаттайтын және тоқтайтын адамдардың қызметі.

48) Туризм – жеке тұлғалардың уақытша тұрақтайтын елде (жерде) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейін немесе жиырма төрт сағаттан аз уақытқа созылатын, бірақ түнейтін, ақылы қызметпен байланысты емес мақсаттағы саяхаты.

49) Ішкі туризм – Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдардың біздің елдің шегіндегі саяхаты.

50) Шығу туризмі - Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдардың басқа елге саяхаты.

51) Келу туризмі - Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрмайтын адамдардың Қазақстан Республикасы шегіндегі саяхаты.

52) Балалар-жасөспірімдер туризмі - серуендер, экспедициялар, сапарлар, саяхаттар түрінде балалар мен жасөспірімдер жүргізетін туризм түрі.

53) Өз бетінше ұйымдастырылған туризм - туристердің өз бетінше ұйымдастыруымен жүріп-тұрудың белсенді тәсілдері пайдаланылатын саяхаттар.

54) Әлеуметтік туризм - жұмыс берушінің және (немесе) өзге де үшінші тұлғалардың қаражаты есебінен толық немесе ішінара жүзеге асырылатын туристік қызметтердің мүгедектерге, халықтың аз қамтылған топтарына қолжетімді болуын қамтамасыз ететін туризм түрі.

55) Экологиялық туризм (экотуризм немесе жасыл туризм) – шамамен антропогендік әсер тимеген табиғи территорияларға барумен тоғыстырылған тұрақты туризм формасы.

56) «Экотуризм – экожүйенің тұтастығын бұзбайтын және табиғатты қорғау мен табиғат ресурстары жергілікті тұрғындар үшін пайдалы болатын экономикалық жағдай жасайтын, сол елді мекеннің табиғи және мәдени-этнографиялық ерекшеліктері туралы түсінік алу мақсатында табиғаты өзгеріске ұшырамаған жерлерге саяхаттан тұратын туризм» (Әлемдік жабайы табиғат фонды).

57) Медицинский туризм – тұратын жерінің шегінен тыс жерде мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек алу мен демалысты біріктіру көзделетін туризм түрі. Бұл туризм түрін сипаттайтын негізгі қажеттілік түрлі сырқаттарды емдеу болып табылады. Емдік туризмнің адам ағзасына табиғи жолмен әсер етумен сипатталатын бірнеше түрлері бар, мысалы, климатпен емдеу, бальнеодемдеу, теңізде емдеу, жеміспен емдеу және т.б.

58) Рекреациялық туризм – бұл адамның дене және ішкі сезімін қалпына келтіру үшін қажетті демалу мақсатындағы адамдардың қозғалысы. Туризмнің бұл түрін дамыту үшін рекреациялық ресурстар қажет – өзара байланысты табиғи және мәдени территориялық жиынтық қатарынан, техникалық жүйелерден, қызмет көрсетуші қызметкерлер мен басқару органдарынан тұратын басқаруы қиын және жартылай өз бетінше басқарылатын жүйе. Табиғи сипаттамалардың қатарына рекреациялық территорияның көлемі мен сыйымдылығы, ауа райының жайлылығы, су нысандарының бар болуы, ең алдымен бальнеологиялық қасиеті, ландшафтың эстетикалық ерекшеліктері және т.б. кіреді. Бұл сипаттамалардың қолайлы үйлесуі рекреациялық туризмнің дамуына қажетті негізді құрайды.

Рекреациялық туризмді шартты түрде:

сауықтыру (арнайы жасалған бағдарлар, минералды су көздерін, емдік балшықтарды және т.б. аралауды қоса алғанда);

танымдық (бұл туризмнің негізі түрлі бағыт бойынша білімін кеңейтуге қажеттілік болып табылады) деп бөлуге болады.

Рекреациялық туризм келесі бағдарламалардан тұруы мүмкін:

оқыту (туризм, спорт, өнер, қолөнер және т.с.с.);

қызығушылықтар бойынша сабақтар (көркемөнер және музыкалық шығармашылық, коллекция жинаушылар үшін турлар, аң, балық аулау және т.б.);

ойын-сауық (театр, кино, карнавалдар, жәрмеңкелер, қала күндері, фестивальдар);

этникалық (ұлттық мәдениетті, дәстүрді және тұрмысты зерттеумен байланысты);

туристік-сауықтыру (белсенді қозғалу тәсілін, тау шаңғысы бағдарларын қоса алғанда және т.б.).

59) Оқиғалы туризм – спорттық жарыстарды, музыкалық фестивальдерді, карнавалдарды және басқаларды аралау мақсатындағы саяхат.

60) Мәдени туризм – түрлі концессия адамдарының діни қажеттіліктеріне негізделген және өзіне мыналарды қамтиды:

діни мейрамдарда діни ғимараттарға баруды;

киелі жерлерге баруды.

61) Ностальгиялық туризм – адамдардың тарихи өмір сүру аясындағы орындарға бару қажеттілігіне негізделген.

62) Іссапар мақсатындағы туризм – іскерлік қарым-қатынас орнату немесе қолдау мақсатындағы сапар.

63) Конгрестік туризм – бұл түрлі іс-шараларға, оның ішінде конференцияларға, симпозиумдарға, құрылтайларға, конгрестерге және т.б. қатысу мақсатындағы сапар.

64) Экспедициялық туризм – ғылыми, танымдық, ойын-сауық міндеттерін шешу үшін экспедиция сияқты процесті ұйымдастыру формасы қолданылады.

Туризмнің түрлері жүру тәсіліне (жер, теңіз, әуе) байланысты келесідей бөлінеді:

көлік туризмі;

темір жол туризмі;

әуе туризмі;

кеме туризмі;

автобус туризмі;

велосипед туризмі;

атты туризм;

жаяу туризм және басқалар.

65) Ұйымдастырылған туризм – туристік ұйымдар қамтамасыз ететін және бағдардың нақты пункттерінде бағдары, ұзақтығы, келу

мерзімі бойынша регламенттелген туристік жорықтар, саяхаттар, сапарлар, экскурсиялар. Ұйымдастырылған туризмге туристік ұйымдар мен кәсіпорындардың қатысуымен жүзеге асатын, өз бетінше ұйымдастырылған жорықтар, слеттер, жарыстар және оқу шаралары да жатады.

66) Ұйымдастырылмаған туризм – туристердің жолдамасыз, туристік ұйымды қатыстырусыз, өз бетінше таңдалған бағдар бойынша жүзеге асатын саяхаттар, сапарлар, жорықтар. Өзіндік қызмет және өзіне-өзі қызмет көрсету принциптеріне негізделген.

67) Сауықтыру туризмі – табиғи-климаттық жағдайы денсаулық үшін жағымды және демалу мақсатында қандай да бір елді мекендегі туристік саяхаттар, сапарлар және демалыстар. Әдетте сауықтыру туризмі шеңберінде дәрежелік емес жорықтар, серуендер, жүзулер, су немесе тау шаңғысымен сырғанау, саяхаттар, ойын-сауық шаралары және т.б. жүргізіледі.

68) Танымдық туризм – табиғат, тарих және мәдени ескерткіштермен, жергілікті тұрғындардың тіршілігімен және дәстүрлерімен, халық қолөнерімен және кәсібімен, ғылым, мәдениет, өнеркәсіп өндірісі, құрылыс және т.б. жетістіктерімен танысу үшін қандай да бір аудандарды, елді мекендерді, туризм орталықтарын аралау мақсатында жасалатын туристік жорықтар, экскурсиялар, сапарлар, саяхаттар.

69) Отбасылық туризм – отбасымен, әдетте балалармен қатысатын жорықтар, жарыстар және басқа туристік іс-шаралар.

70) Спорттық туризм – нақты қиындық дәрежесіндегі бағдар бойынша жорықтар, сонымен қатар туризм техникасы бойынша жарыстарға және чемпионаттарға қатысу; өз бетінше ұйымдастырылған туризмнің бір түрі. Спорттық туризмнің басты мақсаты – туристік шеберлікті жоғарылату, бағдарларды өту техникасы мен тактикасын жетілдіру, сақтандырудың түрлі тәсілдерін өңдеу, туристік жарақтардың жаңа түрлерін меңгеру, сонымен қатар туризмді белсенді насихаттау және туристік секциялар жұмысын ұйымдастыруға көмектесу.

Спорттық туризм қамтиды:

көлік, мототуризм – түрлі жолдармен автомобиль және мотоциклет көлігінде жасалатын жорықтар;

тау туризмі – бұл таудан аққан тасқынды тездетумен, тау бедерінің (бөктерлерден, мұздықтардан, асулардан) біршама қиын учаскелерінен өтумен байланысты және т.б. таудағы саяхат;

тау шаңғы туризмі – тау туризмінің бір түрі, табиғи қарлы бөктерлерден немесе шаңғыға арнайы дайындалған трассалардан түсу;

велосипед туризмі – бұл жазықтықпен, сайлармен, құмдармен, орман және тау соқпақтарымен жол, спорт және тау велосипедтеріндегі саяхаттар және спорттық жорықтар;

су туризмі – бұл көпорынды үрлемелі қайықтармен (рафттарда), байдаркалармен, катамарандармен, салдармен, туристік кемелермен өзендердегі, көлдердегі, теңіздер мен су қоймаларындағы жорықтар, сонымен қатар теплоходтарда су бағдары бойынша саяхаттар;

желкенді туризм – бұл жиналатын желкенді кемелермен өзендер, көлдер, теңіздердегі жорықтар;

атты туризм – ат үстіндегі саяхаттар;

шаңғы туризмі – шаңғыдағы жорықтар, экспедициялар және саяхаттар;

жаяу туризм – бағдарда қозғалыс жаяу жүргізіледі;

спелеотуризм – табиғи немесе қолдан жасалған үңгірлер мен лабиринттерді аралау. Спелеотуризмнің ерекшелігі: үңгір бедерінің көп түрлілігі себепші болған жер асты бағдарлардың қиындығы, әдетте төмен температурада жоғары салыстырмалы ауаның ылғалдығы (100 %-ға дейін); табиғи жарықтың болмауы. Спелеотуризм күшті, шыдамдылықты, ептілікті, жер астында өмірді қамтамасыз ететін тәсілдерді және сақтандыру құралдарын қолдана білуді, құзға өрмелеу тәжірибесін талап етеді;

біріктірілген туризм – туристке жорық барысында туризмнің әр түрлеріне тән кедергілерден өту техникасын қолдану қажет болатын жағдай.

Жас ерекшелігі, әлеуметтік белгілер бойынша спорттық туризм:

балалар туризмі;

жасөспірімдер туризмі;

ересектер туризмі;

отбасылық туризм;

мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған туризм болып бөлінеді.

71) Экстремалды туризм – бұл қауіп-қатермен байланысты туристік демалыстың бір түрі.

Экстремалды туризм түріне жататындар:

альпинизм;

құзға шығу;

жанартауды бағындыру және кратерге түсу;

пара-дельтапланеризм;

автотур-ралли;

тауға шығу және жабдықталмаған жолдармен тау шаңғысымен еркін түсу;

әуе шарында ұшу, кармен шөлдердегі жарыстар;

жабайы табиғатта күн көру және т.б.

72) Жергілікті кедергілер (одан әрі - ЖК) – туристерден жергілікті кедергілерден өту кезінде тиісті деңгейде техникалық шеберлігін және, әдетте, арнайы құрал-жабдықты пайдалануды талап ететін қысқа мерзімді кедергі. Тау, су және спелео бағдарларын деңгейге бөлу кезінде, бірінші кезекте, туристерге келесі бағдарларды өту үшін қажетті техникалық тәжірибе беретін келесідей жергілікті кедергілерді – асулар, жота маңдайшасы, шыңдар, үңгірлер, табалдырықтар және т.б. ескереді.

73) Созылыңқы кедергілер (одан әрі - СК) – жергілікті кедергілерден айтарлықтай ұзақтығымен ерекшеленетін және оны еңсеруі кезінде туристерден дене күшін талап ететін кедергілер. Созылыңқы кедергілер жаяу, шаңғы, вело-, авто-, мото-, атты және желкенді бағдарларда кең көрсетілген.

74) Кедергінің қиындық дәрежесі (одан әрі - ҚД) - оны қауіпсіз еңсеру үшін қандай біліктілік деңгейі, техникалық шеберлік пен физикалық дайындықты талап ететіндігі бойынша анықталады.

75) Бағдар кедергілерін анықтаушылар (одан әрі - КА) немесе анықтаушы факторлар (одан әрі - АФ) деп оның қиындық дәрежесіне елеулі әсер ететін кедергілер (фактор) аталады.

76) Эталонды бағдар деп сол немесе басқа қиындық дәрежесіне оны тағайындау үшін қажетті, ең аз КА және АФ жиынтығы бар бағдар аталады. Туристік өңірлердің эталонды маршруттарында түрлі АФ бар болуына байланысты әртүрлі КА саны болуы мүмкін.

4. Туристік серуендер, жорықтар, экспедициялар және саяхаттар тұлғаны дамыту, оның қабілеттерін ашу, қоғамдық өмірге бейімдеу, азаматтық сана-сезімді, жалпы мәдениетті, кәсіби өзін-өзі басқаруды, салауатты өмір салты мен қозғалыс белсенділігін, дене дайындығының деңгейін көтеру мүмкіндігі, білім алушылардың бос уақытын маңызды ұйымдастыру, спорттық шеберлігін қалыптастыру үшін жағдай жасаудың маңызды формасы болып табылады.

5. Іс-шараларды, тәрбиелеу, оқыту және сауықтыру жұмыстарын дұрыс дайындау мен қауіпсіз өткізуге туристік жорықтар, экспедициялар және саяхаттар өткізетін ұйымның әкімшілігі (одан әрі - Әкімшілік) және топтардың жетекшілері жауап береді.

6. Туристік серуендер, жорықтар, экспедициялар және саяхаттар тұлғаның дамуына, олардың қабілетін ашуға, қоғамдық өмірге бейімделуіне, азаматтық сана-сезімнің қалыптасуына, жалпы мәдениет, кәсіби өзін-өзі тануға, салауатты өмір салтына және қозғалыс белсенділігіне, дене дайындығы деңгейін көтеруге мүмкіндік, білім алушылардың бос уақытын маңызды ұйымдастыруға, спорттық шеберлігіне жағдай жасайтын маңызды түрлер болып табылады.

7. Туристік серуендер, жорықтар, экспедициялар және саяхаттар білім алушыларды туған өлкенің тарихи, мәдени және рухани мұрасына араластыру, кіші Отанын зерттеу, іздеу-зерттеу қызмет дағдысын жетілдіру, көп мәдени тұлғаны тәрбиелеу, дамыту, қоғамдық пайдалы жұмысты орындау және кәсіби бағдарлау, денені дамыту мақсатында әртүрлі тәсілдер мен қозғалыстың белсенді жолдарын қолдану арқылы белгілі бағдарлар бойынша топтармен жасалады.

8. Туристік жорықтар, экспедициялар және саяхаттар өткізу аумағы бойынша жергілікті және шалғайлы болып бөлінеді. Жергіліктісі белгілі аудан, облыс аумағы ішінде өткізіледі. Егер өткізуші ұйымның әкімшілік-территориялық орналасуында, жергілікті жердің физикалық-географиялық ерекшеліктерінде және бағдарды құрудың қисындылығында көрсетілген болса, іргелес территорияға шығуға жол беріледі. Басқа барлық жорықтар, экспедициялар және саяхаттар шалғайлы болып есептеледі.

9. Туристік жорықтар туризмнің түрлері бойынша жаяу, шаңғы, тау, су, велосипед, атты болуы мүмкін. Олар Қазақстан Республикасының Бірыңғай спорт классификациясына (ҚР БСК) сәйкес «Жас турист», «Қазақстан саяхатшысы» белгілеріне, жасөспірімдер және ересектер спорттық разрядтарына нормалар мен талаптарды орындау үшін ұзақтығы бойынша бір күндік, екі күндік және көп күндік болып бөлінеді.

10. Білім алушылармен туристік жорықтар, экспедициялар және саяхаттардың жалпы ұзақтығы 1-2 сыныптарға 4 күннен, 3-4 сыныптарға 6 күннен, 5-6 сыныптарға 15 күннен, 7-9 сыныптарға 24 күннен, 10-11 (12) сыныптарға 30 күннен аспауы тиіс.

11. Деңгейлік және дәрежелік жорықтардың белсенді бөліктерінің ұзақтығы бағдар ұзақтығы ұлғайған жағдайда және қосымша өлкетану жұмыстарын өткізу кезінде ҚР БСК-нда көрсетілгеннен бір жарым есеге жоғарылауы мүмкін.

12. Бағдарды өту уақыты ықшам болуы тиіс. Жорық бөліктерінің арасындағы үзіліске үш күннен артық рұқсат етілмейді.

13. Туристік серуен немесе жорық жасайтын ұжым туристік топ, саяхат – саяхаттық топ, экспедиция – экспедициялық топ деп аталады.

14. Қозғалыс үшін кемеде жүзетін, су жолын, жалпы қолдануға арналған жолдарды, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды (қорық, ұлттық бақтар, қорықшалар) және басқа да кіруге шек қойылған аумақтарды қолданылатын топтар, қолдану және көрсетілген аумақтарда болу ретін анықтайтын қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасындағы талаптарға сәйкес әрекет етуге міндетті.

15. Ұзақтығы 4 күннен асатын спорттық жорықтарды өткізетін Әкімшіліктің өкілеттілігі және Ұлттық спорттық туризм

федерациясындағы республикалық бағдарлық-біліктілік комиссияның (одан әрі - РББК) оң қорытындысы болуы тиіс. Ұзақтығы 5 күннен асатын жергілікті спорттық жорықтардың, саяхаттардың, экспедициялардың сәйкес өкілеттілігі бар, бағдарлық-біліктілік комиссиясының (одан әрі - ББК) оң қорытындысы болуы керек. Ұзақтығы 4 күн спорттық жорықтар үшін, сонымен қатар ұзақтығы 5 күнге дейінгі жергілікті спорттық жорықтарға, саяхаттарға, экспедицияларға ББК мен РББК қорытындысы қажет емес.

16. Жорықтарды, экспедицияларды және саяхаттарды қаржыландыру Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құқықтық құжаттарына сәйкес белгіленген тәртіпте шығарушы ұйымның есебінен және бұл шараларды өткізетін басқа ұйымдардың (одан әрі - Ұйымдар) тиісті жоспарларымен бекітілген республикалық және жергілікті бюджеттің, ата-аналардың, демеушілердің қаражаты есебінен жүзеге асады.

17. **Туристік жорықтар.** Туристік жорықтар қиындығына қарай дәрежелерге бөлінеді. Қиындық дәрежесі үш классификациялық белгілердің жиынтығымен анықталады: ұзақтығы, ұзындығы, бағдардың қиындығы.

18. **Біріктірілген жорықтар** деп құрама бөліктері туризмнің әртүрлі түрлерінің спорттық бағдарларынан немесе туризмнің түрлерінен кедергілері бар жорықтар есептеледі. Біріктірілген бағдарлардың қиындық дәрежесі бағдарға ендірілген туризмнің әртүрлі факторларына немесе кедергіні анықтаушылар санына байланысты анықталады. Туристік жорықтар ұзақтығы мен қиындығы бойынша демалыс күндік (1-4 күн) жорықтар деңгейлік (дәрежелік емес) және дәрежелік болып бөлінеді.

19. 15 адамнан тұратын топқа бір, екі, үш күндік жорық, дәрежелі емес немесе дәрежелі туристік саяхат, ал туризмнің техникалық күрделі түрлері (велосипед, су, тау, шаңғы және т.б.) бойынша 12 адамнан тұратын топқа саяхат өткізген кезде жетекшілер және жетекші орынбасарлары (жетекші көмекшілері) қызметтерінің штаттық бірліктері тағайындалады.

20. 15-25 адамнан тұратын топқа саяхат өткізген кезде, қатысушылар саяхаттық туристік базаларында қабылданғанда, жетекшілер және жетекші орынбасарлары қызметтерінің штаттық бірліктері тағайындалады.

21. 35-40 адамнан тұратын туристік лагерлерде тәрбиеші және тәлімгер (ал жоғары сынып оқушыларына арналған лагерлерде – тәрбиеші қызметінің екі штаттық бірліктері) қызметтері бір штаттық бірліктерден тағайындалады.

22. Туристік лагерлерде 45 балаға арналған туризм бойынша нұсқаушы-әдіскердің бір штаттық бірлігі және 15-20 адамнан құралған топқа тәрбиешінің бір штаттық бірлігі тағайындалады.

23. Бағдардың қиындық дәрежелері табиғи кедергілерге толы бағдарды, сонымен қатар олардың ұзақтығы мен ұзындығын есепке алатын ҚР-ның спорттық туризмнің ұлттық федерациясымен (бұдан әрі - ҚР ҰСТФ) бекітілген Қазақстан Республикасының туристік көпсайыс бойынша бірыңғай спорт классификациясы (бұдан әрі - ТКБСК) нормативтеріне сәйкес анықталады. Нақты бағдардың дәрежесін тікелей анықтау, дәрежелеу нормативтері мен әдістеріне сәйкес бағдарлық-біліктілік комиссия жүргізеді.

24. Демалыс күнгі жорықтарда, деңгейлік және 1 дәрежелі қиындық жорығында топта 15-тен аспайтын қатысушы болған кезде, жетекшінің рұқсатымен, осындай жорықтарға қатысқан тәжірибесі бар, жоғары жастағы қатысушылардың арасынан орынбасардың орнына жетекшінің көмекшісі тағайындалуы мүмкін.

25. Жалпы қатысушылардың саны 30-дан кем емес (2-4 дәрежелі қиындықтағы жорықтар үшін – 20 адамнан кем емес) 3 немесе одан да көп топтардың қатысуымен туристік жорықтарды ұйымдастыру кезінде олардың бағдарлары мен қозғалыс кестесі сәйкес келсе, бұл топтарға жалпы басшылық үшін туристік топтардың қызметін үйлестіретін жетекші, ал медициналық қызметті ұйымдастыру үшін медициналық қызметкер тағайындалуы мүмкін.

26. Туристік топтың негізгі бағдарлық құжаты бағдарлық парак болып табылады.

27. Демалыс күнгі жорықтарға және дәрежелік емес (деңгейлік) жорықтарға бағдар парағын жорықты өткізетін Әкімшілік береді. ББК нәтижесі көрсетілген жорықтарда қажет емес.

28. Дәрежелік жорықтарды өткізу үшін осы қиындық дәрежесіндегі бағдарларды қарастыруға өкілеттілігі бар РББК оң қорытындысын алдын ала алу қажет.

29. РББК қорытындысы бағдарлық құжаттарға жазылады, төраға қолымен және РББК штамымен бекітіледі. Қажет болған жағдайда құжаттарға ерекше нұсқаулар мен топқа ұсынымдар жазылады, сонымен қатар бағдарға шығуы және оның аяқталуының алдында тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар жөніндегі территориялық комитетінің Іздеуші-күтқарушы қызмет бөлімшесін (одан әрі – ІҚК) ескертеді.

30. Бағдарлық құжаттарда РББК-ның оң қорытындысы болған жағдайда, құжаттар өткізілетін жорық ұйымы жетекшісінің мөрі және қолымен куәландырылады және топ жетекшісіне тапсырылады.

31. Рұқсат етілмейді:

бағдар құжаттарынсыз, бұзушылықпен немесе РББК-ның оң қорытындысыз (дәрежелік емес жорықтан басқа) ресімделген құжаттармен шығуға;

қазіргі уақытта осындай қиындық деңгейіндегі бағдарларды немесе туризмнің түрін қарастыру үшін өкілеттігі жоқ сұраныс материалдарын бағдар комиссияларының қарастыруы.

32. Жорық қатысушылары мен жетекшілерінің туристік тәжірибесіне қосымша талаптар:

дәрежелік жорықтарға қатысушылар мен жетекшілер аталған туризмнің түрі, ал су жорықтарында кеме түрлері бойынша тәжірибелі болуға міндетті;

туризмнің әртүрлі түрлері бойынша бағдардың аумағын қамтитын біріктірілген туризмді өткізу кезінде қатысушылар мен жетекшілер мұндай жерлерден өтуге қажетті тәжірибесі болу керек;

егер де жорық бағдары аталғанға қарағанда тым жоғары деңгейлі қиындық элементтерінен тұрса, онда мұндай жорықтардың қатысушылары мен жетекшілері талаптарға сәйкес болуы міндетті, талаптар дәрежесінің элементтері бағдарға қосылған жорық қатысушылары мен жетекшілеріне қойылады;

классификацияланған асулардан өту қарастырылған жорыққа қатысушылар осы бағдар үшін ең жоғары деңгейден бір жарты дәрежелік төмен екі асудан өтуден тәжірибесі (жетекші – өту кезіндегі басшылық тәжірибесі) болуы міндетті;

жорық жетекшісінің міндетті түрде жоғары қиындықты бір жарты деңгейлік екі асудан өту тәжірибесі болуы керек.

Білім алушылардың әртүрлі жастағы туристік ұжымымен кіші жастағы қатысушыларға бағдарланған жорықтар өткізіледі.

33. Бағдарлы-біліктілік комиссиясының **құқықтары:**

топты тексеру үшін сұхбатқа шақыруға, топты тексеруге шығаруды белгілеу (төңіректі білуін тексеру);

нақты бағдар жағдайында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет деп тапса, топқа (оның сандық құрамына, қатысушылар мен жетекшілердің жасына және туристік тәжірибесіне, саймандарға) жоғары талаптарды қою;

егер комиссияның пікірінше қатысушылардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілмесе немесе жорықты өткізуді жөн санамаса, топ барлық ресми талаптарды орындаған жағдайда да жорықты өткізуге оң қорытынды бермеу.

Мұндай жағдайда комиссияның дәлелді қорытындысы сұраныс кітапшасына жазылады және қажетті жағдайда туристік жорықты өткізетін әкімшілікке хабарланады.

Бірінші рет жүрілетін аумақтар оқушылардың жорық бағдарына қосылмайды.

Демалыс күнгі жорықтардың километражы жорықтың міндеттері, қатысушылардың жасы мен туристік дайындығына және педагогтың мақсаттылығына қарай жетекшілермен анықталады.

34. Жол жүру ережесіне сәйкес велосипед жорығына 14 жасқа жетпеген балалар автокөлік қозғалысы аз жолдарда ғана қатыса алады. ББК қорытындысында бұл балалардың өту рұқсаты туралы сәйкесінше жазба жазылады.

35. 4-6 кестеде көрсетілген (6-қосымша) төменгі жастан кіші балалар, ата-аналарымен бірге балалардан тұратын отбасылық топтардан немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды алмастыратын (одан әрі – ата-аналармен) тұлғалардан, сонымен қатар балаларға жақын басқа ересектерден тұратын жорықтарға қатыса алады.

36. Бұл топтардың бағдарының ұзақтығы, ұзындығы, қиындығы балалардың жасына, денсаулық жағдайына, дене дайындығына, топтағы ересек қатысушылардың туристік тәжірибесі және педагогтердің мақсаттылығына қарай Әкімшілік және топ жетекшілері анықтайды.

37. «Отбасылық» топтардың деңгейлік және дәрежелік жорықтарын өткізу туралы сұрақтарды, жорықты қауіпсіз өткізуді қамтамасыз етуді есепке ала отырып, ББК міндетті келісуімен Әкімшілік шешеді.

4-6 кестелерде (6-қосымша) көрсетілген жастан кіші балаларға деңгейлік жорықтарды есепке алу туралы анықтама берілмейді.

«Отбасылық» топтың жетекшісі мен жетекшінің орынбасары, осы нұсқаулықтың 5 пунктіне сәйкес топтағы ересектерді қоса есептегенде, барлық топтың құрамына жауап береді.

38. **Саяхаттар.** Егерде саяхатты саяхат ұйымының жолдамасымен немесе өз бетінше ұйымдастырылған қызметпен жүргізсе, оны Әкімшілік ұйымдастырса, онда ол жоспарлы болуы мүмкін.

39. Жоспарлы саяхаттық топтың қатысушыларының саны жолдамамен анықталады. Өз бетінше ұйымдастырылған саяхаттық топтың қатысушыларының саны 30 адамға дейін болады.

40. Автобустық саяхатты өткізу кезінде қатысушылардың саны автобуста отырғызатын орын санынан аспауы керек.

41. Саяхаттың ұзақтығын мен қатысушылардың жасын педагогтердің мақсаттылығына қарай әкімшілік анықтайды.

42. Топтың өз бетінше саяхатқа шығуы жергілікті ұйымдардың топтарды қабылдауға және саяхат бағдары бойынша елді мекендерде

гигиеналық нормаларды сақтай отырып, түнейтін жерді қамтамасыз етуге келіскен жағдайда рұқсат етіледі.

43. Саяхатты өткізуге ББК қорытындысы қажет емес.

44. **Туристік экспедициялар.** Туристік экспедиция – бұл аумақты, нысанды (бір немесе бірнеше) зерттеу немесе өлкетану, ізденіс, зерттеу немесе ғылыми жұмыстарды орындау мақсатында өткізілетін шара.

45. Туристік экспедиция тапсырма көлеміне байланысты бір немесе бірнеше өз бетінше ұйымдастырылған немесе нысанға (полигонға, қазуға, карьерге, бағдар учаскелеріне, елді мекенге және т.б.) уақыт бойынша жекеленген бір күндік немесе көп күндік барып қайтудан тұруы мүмкін.

46. Экспедиция өткізу кезінде қозғалудың белсенді жолдары қолданылады.

47. Егер де экспедицияда қозғалудың белсенді жолдарын қолдану қарастырылмаса, онда оны ұйымдастыру және өткізу кезінде, саяхатты ұйымдастыру мен өткізу кезіндегі нормалар мен талаптар қолданылады. Оны өткізу үшін ББК қорытындысы қажет емес.

48. Экспедицияның базалық лагерін ұйымдастыру кезінде лагерьдің орналасуын жергілікті атқарушы органдармен немесе жер телімі (орман шаруашылығы, ауыл шаруашылық кәсіпорны, жеке адам) иелерімен (қолданушылармен), ал ішуге жарамды су көздерін қолдануды Санитарлық-эпидемиологиялық станциямен (бұдан әрі - СЭС) келісу қажет.

49. Егер экспедицияда қозғалудың белсенді жолдары қолданылса, онда бұл бағдарлар қиындық дәрежесіне (деңгейіне) сәйкес келетін жорықтар ретінде қарастырылады.

50. Экспедицияларды ұйымдастыруда қатысушылар мен жетекшілердің жасы және туристік тәжірибелеріне, сандық құрамына туристік жорықтарды ұйымдастыру кезіндегідей талаптар мен нормалар қойылады. Экспедицияларды өткізу үшін алдын ала ББК-ның тиісті оң қорытындысын алу қажет.

2. Білім алушылардың туристік жорықтарға, экспедицияларға және саяхаттарға қатысу рұқсаты

51. Туристік жорықтарға, экспедицияларға және саяхаттарға қатысуға рұқсат етіледі:

туристік серуендерге – 6 жастан бастап;

туристік бір күндік жорықтар мен саяхаттарға – 7 жастан бастап; көп күндік өз бетінше ұйымдастырылған және жоспарлы саяхаттарға жорықтар мен саяхаттарда тәжірибесі бар білім алушылар 12 жастан бастап жіберіледі.

ББК рұқсаты бойынша I-III қиындық дәрежесіндегі жаяу жорықтарда топтың үштен бірі үшін қатысушылардың жасына талаптар 1-2 жылға төмендеуі мүмкін.

52. Туристік жорықтар, экспедициялар және саяхаттарда топтың жасақтың сандық құрамы кем дегенде 8 білім алушыдан, ал ең көп дегенде:

серуендерде, бір күндік және екі күндік жорықтарда, экспедициялар мен саяхаттарда – 30 білім алушыдан;

I-3 қиындық деңгейлі жорықтарда – 20 білім алушыдан, ал су жорықтарында – 14 білім алушыдан;

I дәрежелі қиындық жорықтарда – 15 білім алушыдан;

II-III дәрежелі қиындық жорықтарда – 12 білім алушыдан болады.

53. Саяхат тобының сандық құрамын жоспарлы саяхаттық бағдарды өткізетін ұйым анықтайды, сонымен бірге алыс саяхаттарда бір жетекшіге 15-тен аспайтын баладан келеді.

54. Жорық жасау үшін туристік топтарды құрастыру кезінде білім алушылардың туристік тәжірибесі ескеріледі:

деңгейлік жорықтар үшін бірнеше бір-екі күндік жорықтарда қатысу тәжірибесінің болуы, ал 3 қиындық деңгейлі жорықтарға қатысу үшін «Қазақстан саяхатшысы» белгісінің нормалары мен талаптарын орындауы қажет;

I дәрежелі қиындықтағы жорықтар үшін туристік топтың мүшелері - осы туризм түрі бойынша деңгейлік жорықтарда қатысу тәжірибесі, далалық жағдайларда түнейтін жерді ұйымдастыруда тәжірибесінің болуы және «Қазақстан саяхатшысы» белгісінің нормалары мен талаптарын орындауы қажет;

II дәрежелі қиындықтағы бағдар бойынша жорық үшін туристік топ құрамының үштен екі бөлігі I дәрежелі қиындықтағы бағдар бойынша жорықтарға қатысу тәжірибесі, қалғандарында деңгейлік жорықтарға қатысу тәжірибесі болуы қажет;

III дәрежелі қиындықтағы бағдар бойынша жорық үшін туризмнің тау мен шаңғыдан басқа барлық түрлері бойынша туристік топ құрамының үштен екі бөлігінен кем емес, туризмнің осы түрі бойынша бір дәрежеге төмен жорықта қатысу тәжірибесі болуы керек, ал басқа қатысушылардың осы туризмнің түрі бойынша екі дәрежеге төмен жорықтардағы тәжірибесі болуы қажет.

55. I дәрежелі қиындықтағы шаңғы туристік жорықтардың барлық қатысушыларының қысқы күнгі жағдайда түнейтін жерді

ұйымдастыру тәжірибесі («суықта» түнеу тәжірибесі) және суықтағанда, толықтай қату мен үсу кезінде дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсете алуы міндетті.

56. Дәрежелік асулардан өтуді қарастыратын таулы жерлердегі жорыққа қатысушылардың берілген бағдар үшін ең жоғарғыдан бір жарты дәрежелі қиындық төмен асудан өту тәжірибесі болуы міндетті.

57. Спелеожорыққа қатысушылардың үңгірлерге жорықтарда қолданылатын, туризмнің басқа түрлерінен тәжірибелері болуға міндетті.

Біріктірілген жорықтың қатысушылары, оның бағдарын құрайтын туризмнің түрлері бойынша жорықтарда қатысу тәжірибесі болуға міндетті.

58. Белгіленбеген мерзімде өткізілетін (маусымаралық) 3-деңгейлі, I-III дәрежелі қиындықтағы туристік жорыққа қатысушылардың осы мерзімде жасалған тиісті жорық тәжірибесі немесе сол деңгейдегі, дәрежедегі белгіленген мерзімде жасалған жорық тәжірибесі болуға міндетті.

Су жорығына қатысушылардың барлығы, сонымен бірге туризмнің барлық түрі бойынша I-III дәрежелі қиындықтағы жорықтың қатысушылары жүзе білуге міндетті.

59. Өз бетінше ұйымдастырылған туристік экспедицияға дені сау білім алушылар қатыса алады. Жергілікті саяхатта 9 жастағы балалар, қашықтықтағыға балалар 12 жастан қатысады.

60. Туристік экспедиция тапсырмаға байланысты бір немесе бірнеше өз бетінше ұйымдастырылған, уақыт бойынша нысанды бір күндік немесе көп күндік (полигонды, қазу жұмыстарын, карьерді, бағдардың аумағын, елді мекенді және басқаларды) аралаудан тұрады.

61. Көп күндік туристік экспедицияны өткізу кезінде оның қатысушыларының далалық жағдайда екі күннен кем емес түнеу тәжірибелері болуға міндетті.

62. Қозғалудың белсенді жолы қолданылатын экспедициялық жасақтардың бағдар аумақтары қиындық деңгейі, дәрежесі сәйкес келетін жорық ретінде қарастырылады. Бұл жасақ мүшелерінің жасына және туристік тәжірибесіне, сонымен қатар жасақтың сандық құрамына қиындық деңгейі, дәрежесі сәйкес келетін жорық қатысушыларына сияқты талаптар қойылады.

3. Туристік, саяхаттық топтардың және экспедициялық жасақтардың жетекшілері, жетекшілердің орынбасарлары

63. Ұйымның жетекшісі жоспарланған бағдарды, өткізу мерзімін, топ құрамын көрсете отырып, туристік іс-шараны өткізу туралы бұйрық шығарады.

64. Бұйрықта әр туристік, саяхаттық топта және экспедициялық жасақта жетекші мен жетекшінің орынбасары бекітіледі. Жергілікті туристік жорықтарда, экспедицияларда, ұзақтығы 4 күнге дейінгі саяхаттарда жетекшінің көмекшісі тағайындалады.

65. Егер деңгейлік немесе дәрежелік туристік жорықтарда саны 35 қатысушыдан кем емес 3 не одан көп туристік топтар қатысса және олардың бағдарлары мен қозғалыс кестелері сәйкес келсе, онда бұл топтарға жалпы басшылық босатылған жетекшіге жүктелуі мүмкін.

66. Жетекші және оның орынбасары болып 18 жастан кіші емес, ұйым Әкімшілігінің талаптарын қанағаттандыратын, туристік жорық, экспедиция немесе саяхат жасап жүрген (6-қосымша, 4-6 кестелер) Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалады.

67. Жетекші мен жетекші орынбасары қажетті ұйымдастырушылық және педагогикалық қабілеттерге, тиісті дайындыққа ие болуы керек.

68. Білім алушылармен туристік жорық, саяхат, экспедиция және басқа туристік-көпшілік іс-шаралардың жетекшілері біліктілікті көтеру курстары мен семинарларда дайындықтан өтеді.

69. **Жетекшіге қойылатын талаптар.** Бір күндік және көп күндік жорықтарды, жергілікті экспедицияларды және ұзақтығы 4 күнге дейінгі саяхаттарды өткізу кезінде далалық жағдайда түнеуге қатысу тәжірибесін талап етеді.

Жергілікті және ұзақ көп күндік экспедицияларды немесе саяхаттарды өткізу кезінде осы сияқты іс-шараларға қатысу тәжірибесі және білім алушылармен бір-екі күндік туристік экспедицияларға және саяхаттарға басшылық тәжірибесі болуы керек.

70. Деңгейлік және дәрежелік туристік жорықтарды өткізу кезінде жетекші кем дегенде келесі талаптарды қанағаттандыруға міндетті:

біріктірілген жорық жасайтын топ жетекшісінің осы жорықтың бағдарын құрайтын туризм түрлері бойынша жорықтарда жетекшілік ету тәжірибесі болуы міндетті;

дәрежелік асулар арқылы өтуді қарастыратын жорық жасайтын топ жетекшісінің осы бағдар үшін жоғарыдан бір жарты дәрежелі төмен қиындықтағы асудан өтуде жетекшілік ету тәжірибесі және қатысушы

ретінде жарты дәрежелі қиындықтағы асудан өтуде тәжірибесі болуы міндетті.

Көп күндік классификацияланбаған жорықты өткізетін топ жетекшісінің тәжірибесі бағдар күнінің санына және белсенді бөлігінің ұзақтығына байланысты анықталады.

71. Жетекшінің орынбасары сәйкес жорықтардың, экспедициялардың және басқа да туристік іс-шаралардың қатысушыларына қойылатын талаптарға сәйкес болуы міндетті.

72. Дәрежелік жорық жасайтын топ жетекшісі мен жетекшінің орынбасары дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетуі үшін білім мен дағдыға ие болуы міндетті.

73. Туристік жорықтарды, экспедицияларды және 4 күнге дейінгі саяхаттарды өткізу кезінде жетекшінің көмекшісі болып өздерін жауапты, тәжірибелі етіп көрсеткен, туристер танып білетін және Әкімшілік осы тапсырманы орындауды сеніп тапсыратын жоғары сыныптың білім алушылары болуы мүмкін.

74. 1 деңгейлі қиындықтағы жорықты жасайтын топ жетекшісі көмекшісінің туристік тәжірибесі және теориялық дайындығы кем дегенде келесі талаптарға сәйкес келуі керек: туристік үйірменің бір жылдық курсына оқу, 2 деңгейлі қиындықтағы жорықта қатысуы.

75. Бағдарда белсенді тәсілдермен қозғалу бөліктері бар жағдайда, экспедициялық жасақтың жетекшілеріне және олардың орынбасарларына, бағдардың осы бөліктерінің қиындық деңгейіне, дәрежесіне сәйкес туристік топтың жетекшісі мен оның орынбасарына қойылатын талаптар қойылады.

Жетекшілер мен жетекші орынбасарларының (көмекшілерінің) талаптарға сай келуіне жауапкершілікті ББК мүшелері жауап береді.

4. Туристік, саяхаттық топтар және экспедициялық жасақтар жетекшілерінің, жетекші орынбасарларының міндеттері

76. Туристік, саяхаттық топтардың және экспедициялық жасақтардың жетекшілері мен жетекшінің орынбасарлары (көмекшілері) білім алушылармен Қазақстан аумағында туристік жорықтар, экспедициялар, саяхаттар ұйымдастыру және өткізу бойынша өз қызметтерін берілген Нұсқаулыққа сәйкес жүргізеді.

77. Жетекші және оның орынбасары балалардың өмірі, денсаулығы үшін жорықтар, экспедициялар мен саяхаттарды ұйымдастыру және қауіпсіз өткізуге, іс-шаралар жоспарының орындалуына, тәрбиелік және танымдық жұмыстың мазмұнына, өрт қауіпсіздігіне, саяхат бағдарының қауіпсіздігіне жауап береді.

78. Туристік жорықтар, экспедициялар, саяхаттардың жоспарында қарастырылған негізгі сипаттамаларды: мақсаты, міндеттері, өткізу ауданы мен тақырыбы, қатысушылар құрамы, өткізу мерзімі, ұзақтығы, қиындығы (дәрежесі, деңгейі), қауіпсіздік шаралары, іс-шараның құны мен шығын көздерін жабуды білім беру ұйымының жетекшісі анықтайды.

79. Жетекші жорық, экспедиция, саяхат басталғанға дейін:

1) мамандардан кеңес алу жолымен жоспарланған мерзімде таңдалған бағдар бойынша жорық, экспедиция, саяхаттың объективті мүмкіндігін тексеруге;

2) саяхат ауданымен әдебиет, электронды дереккөздер, фото, бейнематериалдар арқылы танысуға, оның физикалық-географиялық және климаттық ерекшеліктерін зерттеуге, бағдарда көрікті жерлермен танысу жоспарын белгілеуге, тәжірибелі туристер, географтар, өлкетанушылар және басқалардан кеңес алуға;

3) бағдар өтетін жерлердің өлкелік және әкімшілік жарақтары туралы білуге және өту жағдайы туралы қажетті органдармен келісуге;

4) туристік біліктілігі және арнайы дайындығы бар, жастары сәйкес келетін білім алушылардың тобын жинақтауға, олармен және ата-аналарымен жорықтың, экспедицияның, саяхаттың (мақсаты, міндеттері, ауданы, мерзімі, шығыс сметасы және т.б.) негізгі сұрақтарын пысықтауға;

5) дайындық жоспарын құруға және қатысушылар арасында осы жоспар бойынша жұмыс түрлерін бөлуге; қоғамдық пайдалы жұмыстардың түрлерін анықтауға және қатысушылар арасында міндеттерді үлестіруге;

6) сәйкес келетін норма, жүктеме және талаптарды есепке ала отырып, өлкетану тақырыптары немесе экспедициялық тапсырмалар және қоғамдық пайдалы жұмыстардың басқа түрлеріне қойылған мақсаттарды есепке алумен, жорықтың, экспедицияның, саяхаттың бағдарын әзірлеуге;

7) жорықты өту бағдарының күнтізбелік жоспарын, сондай-ақ, бағдардың қосымша және апаттық нұсқасын әзірлеуге, ауа райы қолайсыздығы немесе қатысушылар қатты шаршаған жағдайда, бақылау пунктін, оларды өту мерзімін және жорықтың қосымша күндерін белгілеуге; жорық, экспедиция, саяхатты өткізуді қажетті картографиялық анықтама материалдарымен қамтамасыз етуге міндетті;

8) жетекші туристік экспедицияны жорыққа шығаруға әзірлеу үшін Әкімшілікке келесі құжаттарды ұсынуға **тиісті**:

бағдар парағы;

ата-аналардың жазбаша рұқсаты;

ұзақтығы үш күннен жоғары жорыққа қатысу үшін медициналық рұқсатнама. Бірлестіктің бекітілген білім беру бағдарламасына енгізілген бір күндік туристік серуенді, жақын маңдағы саяхаттарды, төңіректегі тәжірибелік сабақтарды өткізу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды әзірлеу қажет емес.

Бағдар құжаттары:

жорықтар үшін – бағдар парағы;

туристік экспедиция үшін – бағдар парағы, экспедициялық жасақтың куәлігі;

экскурсия үшін – экскурсиялық бағдар, жеке-бақылау мәтіні, технологиялық карта, экскурсия жүргізушінің портфелі есептеледі;

9) қатысушылардың жорық, экспедиция, саяхатқа дайындығын ұйымдастыруға, білім алушыларды тиісті нормативтік құжаттармен таныстыруға;

10) жорыққа қатысушыларды өтуі қиын жерлерде қозғалыс тәсілдерімен таныстыру туризмнің таңдаған түріне қарай: жаяу, шаңғы, тау, су, вело, спелео және қажет болған жағдайда жорыққа дейін іс-әрекеттің толық дағдылы әрекетіне дейін қиындықты жеңудің барлық қажетті дағдыларын игеріп алуға;

11) жорыққа, экспедицияға, саяхатқа қатысушыларды жол жүру ережелерімен және көлікте, темір жолда, су мен әуе жолдарында көлікпен тасымалдау ережелерімен, табиғатты қорғау мен қауіпсіздік шараларын (жеке, өрт және басқа) қадағалау талаптарымен таныстыруға;

12) бағдарда тәрбиелік, қоғамдық пайдалы, сауықтыру және танымдық жұмысты жоспарлауға, әр түрлі саяхат, бақылау, кездесулер, әңгімелесу, үлгілерді жинау, суретке түсіру, жазбаларды жүргізу және оларды жалпы мен орта білім бағдарламасымен, табиғатты қорғау сұрақтарымен байланыстырып, экспедициялық тапсырмаларды орындау бойынша басқа жұмыстардың алдын алуға;

13) дене даярлығы, жүзе білуін тексеруге, қатысушылардың гигиенасы, оларды мәдени бос уақыты, туристік-өлкетанушылық қабілеттер мен дағдыны жетілдіру бойынша тәжірибелік сабақтар және жаттығулар, фото мен бейнетүсірілім бойынша арнайы шараларды ескеруге;

14) жеке гигиена ережесін сақтау бойынша жорық, экспедиция, саяхат қатысушылары мен медицина қызметкерінің сабағын ұйымдастыруға және қатысушыларды өзін-өзі бақылауға, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетуге, дәрі қобдишасымен қолдануды үйретуге тиіс.

Өзіндік созылмалы ауруы бар (аллергия, астма және тағы басқа) жорықтың барлық қатысушылары өзімен бірге жорыққа қажетті емдік дәрі-дәрмектерді міндетті түрде алу керектігі туралы хабардар етуге;

15) көпкүндік жорықтар, экспедициялар, саяхаттарды дайындау кезінде қатысушылардың медициналық тексерісін ұйымдастыруы тиіс.

Жорықтың, экспедицияның қатысушыларын тексеру екі рет өткізіледі: бірінші рет – топты, жасақты іріктеу кезінде, екінші – жорық, экспедиция, саяхаттың алдында және медициналық ұйымның мөрімен куәландырылған, әрқайсысының денсаулығы туралы анықтама алуға;

16) алдағы жорық, экспедиция, саяхат қатысушыларының ата-аналарымен байланысуға: ата-аналар жиналысын өткізуге, ата-аналарды жорық, экспедиция, саяхатқа дайындалуға тартуға;

17) әкімшіліктің бекітуі үшін жетекші орынбасарының (ұзақтығы 4 күнге дейінгі жорықтар үшін – көмекшінің) кандидатурасын таңдауға және ұсынуға, оны жорық, экспедиция, саяхатты дайындау бойынша нақты жұмысқа тартуға;

18) ББК-ға немесе РББК-ға жоспарланған жорық, экспедиция, саяхатқа сұраным құжаттарын екі данада мерзімінен кешікпей:

екі және үш деңгейлі қиындықтағы жорықтарға – басталғанға дейін 2 апта бұрын;

көпкүндік ұзақ саяхат пен экспедицияларға – басталғанға дейін 2 апта бұрын;

бірінші, екінші және үшінші дәрежелі қиындықтағы жорықтарға - басталғанға дейін бір ай бұрын беруге;

ББК мен РББК сұхбаттан өтуге, ал қажет болған жағдайда жорық, экспедиция, саяхатқа дайындығы туралы тәжірибелік бақылаудан өтуге;

19) ББК мен РББК-ның оң қорытындысы және бағасынан кейін жорық, экспедиция, саяхат өткізетін Әкімшіліктен сұраным құжаттарында оларды өткізуге рұқсат беруді (бұйрық, бағдарлық құжаттар, іссапар төлқұжаттары) ресімдеуге;

20) жорықтың, экспедицияның, саяхаттың қаражаттық, азық-түлік және материалдық қамтамасыз етілуін дайындауға;

21) тамақтану, сатып алу, бөлшектеп өлшеу, тарату есебін жүргізу және (қажет болған жағдайда) бағдарды өнімдермен толтыруға; тізімді дайындау және қатысушылардың топтық, арнайы мен жеке жарақтарының бар болуын, сонымен қатар өлкетану және экспедициялық жұмыстар үшін жорықтық медициналық қобдиша және жарақтармен қамтамасыз етуге; жол жүру билетін ресімдеуге және алуға **міндетті**.

80. Өз бетінше ұйымдастырылған жорықтың, экспедицияның, саяхаттың жоспарымен тауда және үлкен елді мекенде тоқтау қарастырылған болса, білім беру басқармасының жергілікті органдарына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар бойынша комитеттің аумақтық бөлімшелеріне (одан әрі - ТЖК), сонымен қатар басқа жергілікті ұйымдарға алдын ала сұраныс жіберіп және белгіленген уақытта орналасу мен түнеу үшін топты, жасақты қамтамасыз ету туралы ресми жазбаша немесе телеграфтық растау алады. ББК немесе РББК өтініш жібергенде топты, жасақты қабылдау туралы растау бірдей көрсетілуі керек.

81. 2-3 деңгейлік және 1-3 дәрежелік қиындықтағы туристік жорықтарды өткізу кезінде, шығуға он күн бұрын тиісті аумақтық ТЖК бөлімшесіне топтың бағдарға шығуы және өткізу уақыты туралы хабарлама жібереді.

82. Өз бетінше ұйымдастырылған көпкүндік жорықтар, экспедициялар, саяхаттар өткізу кезінде жолға шығудан бұрын жорықтың, экспедицияның, саяхаттың басталуына дейін қатысушылардың ұжымдық және жеке тәжірибелік соңғы дайындығын тексеру үшін топты, жасақты жалпы тексеруге жинайды.

83. Жетекші жорық, экспедиция, саяхат кезінде **міндетті**:

1) бекітілген күнтізбелік жоспар мен жорықтың, экспедицияның, саяхаттың бағдарына қатаң ұстануға. Жорықтың, экспедицияның, саяхаттың бақылау мерзімін өзгерту немесе бағдардың қосымша нұсқасын қолдану қажет болған жағдайда, бұл туралы жорық, экспедиция, саяхат өткізетін ұйым әкімшілігіне, топтың, жасақтың бағдарға шығуға тіркеген ТЖК бөлімшесіне тез арада хабарлауға;

2) өзінің назарын ерекше:

жорықтың, экспедицияның, саяхаттың туристік-өлкетанушылыққа бағытталғандығына;

азаматтылық пен патриотизмге, достық пен жолдастыққа тәрбиелеуге;

білім алушылардың ұжымының ұйымшылдығына;

мәдени тәлім дағдысын, адамдарды және ұлттық дәстүрді сыйлауға баулуға;

еңбек қабілетіне баулуға;

мораль нормаларын, тәртіп ережелері мен талаптарын қатаң қадағалауға.

84. Жетекші тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау ережесін орындауды, мұражай және мұрағат қоры туралы ережені, балаларда табиғат байлықтарын сақтауға жауапкершілік сезімін тәрбиелеуді, оларды үнемді қолдануды, сонымен қатар бағдар бойынша жүру, елді

мекендер мен далалық жағдайда аялдау мен түнеу кезінде өрт қауіпсіздігі шараларын сақтауды қамтамасыз ету керек.

85. Жетекші жорыққа, экспедицияға, саяхатқа қатысушылардың қарқынды танымдық қызметіне жағдай жасауы керек – бақылаулар, кездесулер, сұхбаттар жүргізу; арнайы сұрақтарды қою жолымен викторина, пікірсайыс жүргізу, әр турист жеке бақылауларын жазып жүру, білім алушылардың назарын жолдағы оларды қоршаған барлық нәрсеге назар аудару, олардың білуге құмарлығын ояту, оларды көргендерін талдауға мен жинақтауға үйрету.

86. Жетекші өз бетінше ұйымдастырылған жорықтарда барлық қатысушылар үшін топты бағдар аумағы бойынша тәжірибені жеке жүргізуді, әртүрлі бейіндегі бивуак жұмыстарын ұйымдастырудағы тәжірибемен қамтамасыз етуі, аспаздық дағдыларға тәжірибеде үйретуді қамтамасыз етуі керек.

87. Жетекші экспедициялық тапсырмаларды орындау бойынша жоспарлы жұмысты, сонымен қатар басқа да қоғамдық пайдалы қызмет түрлеріне қатысу жолында – оқу-көрнекі құралдарын дайындау үшін материалдар жинау, жергілікті тұрғындармен кездесу және сұхбат өткізу, оқушылармен туристік-өлкетану жұмыстары бойынша тәжірибе алмасу туралы сөз сөйлеу; табиғи қорықтар мен орман шаруашылығына тәжірибелік көмек көрсету; өзінің жорығы, экспедициясы, саяхаты туралы жазбаша есеп, көрме, бейнефильмдер, слайд дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

88. Жетекші жорық, экспедиция қатысушыларының дене даярлығын, шынығуын, сауығуын ұйымдастырады: бағдар бойынша күн тәртібін және жүруді сақтау, күнделікті гимнастиканы жасау, табиғи кедергілерден өту, іс-қимылды ойынды өткізу, табиғи орта факторларын – ауаны, күнді, суды қолдану. Білім алушылардың дене, зияткерлік және эмоциялы шамадан артық болуына жол бермеу.

89. Жетекші жорық кезінде ұжымның өмірі мен еңбегін өзін-өзі басқару принциптері негізінде құруға, олардың бос уақытын мәдениетті өткізуді ұйымдастыруға міндетті – газеттерді, кітаптарды оқу, сұхбаттар, ойындар, викториналар, байқаулар өткізу, газет шығару, театрға, кинотеатрға, көрмелерге бару, туғандарға хат жазу, қатысушыларды туған күнімен құттықтау, мейрам жағдайында салтанатты тізбе, алауларды, әңгімелесулерді өткізу, жергілікті шараларға қатысу және тағы басқалар.

90. Жетекші жазатайым оқиғалардың алдын алу ережесін қатаң сақтауға, ал сәтсіз оқиға болған жағдайда, дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша қажетті шаралар қабылдауға, тез арада жақын медициналық ұйымға жүгінуге міндетті.

91. Болған жағдай туралы жорық, экспедиция, саяхат өткізіп

отырған ұйымның Әкімшілігіне және жергілікті ТЖК бөлімшесіне хабарлауға міндетті. Жарылу қаупі бар заттарды және қаруларды анықтаған жағдайда сақтық шараларын қолдану, қол тигізбеу, олардың тұрған жері туралы Қазақстан Республикасы ІІМ ТЖК жергілікті бөлімшелеріне хабарлауы керек.

92. Білім алушыларды отырғызу және түсіру туралы отырғызу бойынша кезекшілерді, көлік жүргізушілерін, вагон жолсеріктерін, кеме капитанын (білім алушылардың қалалық көлікте, пойыздарда, теплоход, ұшақ жүру кезінде) ескерту керек.

93. Алыс қашықтыққа балалардың ұйымдастырылған тобын жаппай тасымалдау балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересектер (10 балаға бір ересек) алып жүрген жағдайда ғана тасымалдаушымен орындалады.

94. Балалардың ұйымдастырылған тобын тасымалдауға жеті жастан кіші емес балалар жіберіледі. Жеті жасқа жетпеген балалар, Ұйым қызметкерлері жеке, сонымен қатар ата-аналар алып жүргенде ғана жіберілуі мүмкін.

95. Білім алушылардың ұйымдастырылған тобына жолаушылар тасымалдайтын көлік түріне (кұрлық, су, ауа) жол жүру құжаттарын (билеттерін) әзірлеу 10 балаға бір алып жүруші жетекші және медициналық қызметкер анықталады.

96. Балаларды тасымалдауды 1-ші және 2-ші класс жүргізушілерін жұмылдыру арқылы тек сапарлық немесе адамдарды тасымалдауға арналған арнайы жабдықталған көлік түрлерімен жүзеге асыру керек. Басқа көлікті қолдануға үзілді-кесілді жол берілмейді.

97. Күрделі және қауіпті жерлерді өту кезінде қауіпсіздік шараларын қатаң қадағалау қажет. Жетекшіге «жорық, экспедиция, саяхат өткізу кезінде орын таңдау және білім алушылардың шомылуын ұйымдастыру бойынша нұсқауды» (1-қосымша) қатаң орындау керек.

98. Санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді қадағалау – қайнатылмаған суды ішуге рұқсат бермеу, тағамға қолданылатын өнімдердің сапасын тексеру (ет, балық, консервілер, жидектер, саңырауқұлақтар және тағы басқалар), тағамды мырышталған және полиэтиленді ыдыста «Тағам өнімдеріне арналған» жазусыз дайындауға жол бермеу, жаракат пен аурудың алдын алу шараларын қолдану.

99. Топтың бөлінуіне, топтан қалып қоюға, өз бетінше кетіп қалуға жол бермеу, сонымен қатар жетекшісіз немесе оның орынбасарынсыз жеке немесе топтық уақытша жолға шығуға рұқсат бермеуі керек.

100. Белгіленген уақытта жорық, экспедиция өткізіп отырған ұйымды, жорық немесе экспедиция өткізіліп отырған аудандағы ТЖК

бөлімшесін бағдардың өтуі және қатысушылардың денсаулығы туралы ескертуі керек.

101. Жетекші жорықтан, экспедициядан, саяхаттан келген соң:

1) білім алушыларды тарту және экспедициялық, туристік-өлкетану тапсырмаларын орындаудың қорытындысы бойынша материалдарды өңдеуді ұйымдастыруға және оларды тапсырма алынған ұйымға, шараны өткізуші ұйымға өткізуге; туристік іс-шара туралы ББК немесе РББК ауызша немесе жазбаша есепті дайындауға және өткізуге;

2) жорық немесе экспедиция сынағы туралы анықтаманы толтыруға және ресімдеуге, спорттық разрядты иелену туралы хаттаманы толтыруға және өткізуге, жорыққа қатысушылардың жеке карталарын және туристің классификациялық кітапшаларын толтыруға;

3) көп күндік туристік жорықтың, экспедицияның, саяхаттың аяқталуы бойынша қатысушылардың қорытынды кешін өткізуге;

4) жорыққа қатысушылардың «Жас турист» немесе «Қазақстан саяхатшысы» белгілерімен немесе сәйкесінше спорттық разрядтағы белгілермен марапаттауын өткізуге **міндетті**. Ерекшеленген топ, жасак мүшелерін мадақтауға ұсыну.

102. Жетекшінің:

1) қатысушылардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіп тудыратын табиғат құбылыстары және басқа жағдайлардың пайда болуына байланысты бағдар бағытын жеңілдетуге немесе жорықты, экспедицияны, саяхатты тоқтатуға;

2) қажет болған жағдайда жетекшілікті тиісті дайындығы бар орынбасарға беруге құқығы бар.

5. Жорық, экспедиция, саяхатқа қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

103. Жорық, экспедиция, саяхатқа қатысушының **құқықтары**:

жорық, экспедиция, саяхатты ұйымдастыру мен өткізуге қатысу, жұмыстың түрлеріне қарай тапсырмаларды, міндеттерді және тағы сол сияқтыларды бөлу;

жорық, экспедиция, саяхаттан қайтып келген соң қорытындысын талқылауға қатысу;

тиісті талаптар мен нормаларды орындаған соң «Жас турист», «Қазақстан саяхатшысы» белгілерімен, спорттық разрядтармен марапатталу;

жорық, экспедиция, саяхат өткізуші ұйымның туристік жарақтары және құрал-саймандарын қолдану.

104. Туристік жорық, экспедиция, саяхатқа қатысушының **міндеттері:**

тәртіпті сақтау, жетекшінің және оның орынбасарының барлық тапсырмаларын орындау, өз бетімен кетіп қалуға жол бермеу;

іс-шараның басталуына дейін тиісті дайындықтан өту, құқық тәртібін сақтау, тарих, мәдениет және табиғат ескерткіштерін қорғау, өрт қауіпсіздігі сұрақтары бойынша нұсқаудан өту, өрттен сақтандыру, жарақаттар мен ауруларды ескерту, өзінің туристік және өлкетанушылық білімдерін, ептіліктері мен дағдыларын жетілдіру;

медициналық тексерістен өту және денсаулығы туралы анықтаманы көрсету; жеке гигиена ережесін сақтау, топ, жасақ жетекшісін және оның орынбасарын (көмекшісін) денсаулық жағдайының нашарлауы немесе жарақаттар туралы уақытылы хабардар ету; дене шынықтырумен айналысу, жүзу, батып бара жатқан адамды құтқару тәсілдерін және дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетуді үйрену;

жорықты, экспедицияны, саяхатты дайындау, өткізу кезінде және олардың аяқталуынан кейін топтың, жасақтың ұйымдастырушылық, өлкетанушылық, қоғамдық-пайдалы, спорттық, мәдени және шаруашылық жұмыстарына белсенді қатысу;

жергілікті дәстүр мен салттарды сыйлау; табиғатқа, тарих және мәдениет ескерткіштеріне, жеке және топтың жарақтарына ұқыпты қарау; орман өртін байқағанда, тез арада оны тоқтату шараларын қолдану, егер өртті өз күшімен сөндіруге мүмкіндік болмаса, өрт туралы орман шаруашылығы қызметкерлеріне, өрт қауіпсіздігі органдарына, полиция немесе жергілікті атқарушы билікке хабарлау;

жарылу қаупі бар заттарды және қаруды тапқан жағдайда оған қол тигізбей, оның тұрған орнын тез арада топтың, жасақтың жетекшісіне немесе жетекшінің орынбасарына хабарлау;

оған жүктелген міндеттерді және жеке тапсырмаларды адал ниетпен орындау;

қоршаған ортаны қорғау, табиғат, тарих және мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарау;

уақытша мекендеу еліндегі (жердегі) кіру мен мекендеу, сонымен қатар уақытша мекендеу елінен (жерінен) және транзиттік өту елдеріндегі шығу ережесін сақтау;

саяхаттау кезінде жеке қауіпсіздік ережесін қадағалау.

Туристердің басқа міндеттері мекендеу елінің заңымен анықталады.

105. Осы Ережені бұзғаны үшін қатысушыларға жорыққа, экспедицияға, саяхатқа қатысқаны есептелмеуі, спорттық разрядын төмендету арқылы бұрын өткен сынақтарын есепке алмау, белгілі

уақытқа дейін жорықтарға, экспедицияларға, саяхаттарға қатысуға жіберілмеу сияқты ықпал ету шаралары (бұзушылық деңгейі мен сипатына қарай) қолданылуы мүмкін.

6. Туристік жорықты, экспедицияны, саяхатты өткізетін ұйым жетекшісінің құқықтары мен міндеттері

106. Ұйымның жетекшісі шараның (жорық, экспедиция, саяхат) дайындығы мен сәтті өтуіне, қауіпсіздігіне және педагогикалық нәтижелеріне жауап береді.

107. Ұйым жетекшісінің **міндеттері:**

1) шара жетекшісі, оның орынбасары (көмекшісі) кандидатураларын бекіту; көп күндік, сонымен қатар алыс туристік жорық, экспедиция және саяхат ұйымдастыру кезінде шара жетекшілерінің және олардың орынбасарларының кандидатураларын ББК немесе РББК-мен келісу;

2) жорық, экспедиция, саяхаттың дайындық жоспарын, оның негізгі сипаттамаларын қарастыру және бекіту;

3) алыс жорықтарды, экспедицияларды және өз бетінше ұйымдастырылған саяхаттарды өткізу ауданын жергілікті мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен келісу;

4) жорық, экспедиция, саяхатты қаражатпен және материалдық жабдықтармен қамтамасыз ету;

5) жорық, экспедиция, саяхатты ұйымдастыру бойынша топтың, жасақтың нәтижелі жұмысына жәрдемдесу; дайындық барысын жүйелі қадағалау;

6) ББК немесе РББК ұсыну бойынша шара жетекшісімен бірге бағдарға, өткізу уақытына, топтың, жасақтың құрамына және т.с.с өзгеріс енгізу;

7) шараның жетекшісі және оның орынбасарымен қатысушылардың қауіпсіздігі туралы нұсқаманы, мұндай нұсқаудың өтуін тиісінше журналға тіркей отырып өткізу (3-қосымша);

8) жорық, экспедиция, саяхат өткізуге рұқсат беру, шара жетекшісі мен оның орынбасарын (көмекшісін) тағайындап, медициналық рұқсаты, бағдары, өткізудің сметасы мен мерзімі бар қатысушылардың арнайы құрамын бекітіп, бұйрықта балалардың өмірі мен денсаулығына жетекшінің және жетекші орынбасарының жауапкершілігін ескертіп, оның өтуі туралы бұйрық шығару;

9) қажетті құжаттарға қол қойып және мөрмен куәландырып, оларды жетекшіге беру.

Шараны өткізуге беріледі:

өткізілетін іс-шара туралы бұйрықтың көшірмесі;
экспедициялық жасақтың бағдар парағы және куәлігі;
жорық жетекшісінің және оның орынбасарының (көмекшісінің)
іс-сапар куәлігі.

Алыс саяхатты өткізуге беріледі:

өткізілетін саяхат туралы бұйрықтың көшірмесі;
экспедициялық жасақтың саяхат жолдамасы және куәлігі;
жорық жетекшісінің және оның орынбасарының (көмекшісінің)
іс-сапар куәлігі.

10) ББК мен РБКК жарлығы бойынша өз бетінше көп күндік жорық пен экспедицияны өткізу кезінде жорық жетекшісінің тиісті бақылау-құтқару қызметтеріне топтың, жасақтың бағдарға шығуына 10 күн бұрын, бекітілген форма бойынша хабарлама жіберуін қадағалау;

11) топтың, жасақтың бағдарды өту мерзімін сақтауын қадағалау;

12) топтың, жасақтың бекітілген бақылау мерзімін бұзған жағдайында, кідірместен, топтың, жасақтың орналасқан жерін анықтау және қажетті көмек көрсету үшін ҚР ІІМ ТЖК тиісті бөлімшелерімен хабарласу;

13) жорық, экспедиция, саяхатқа қатысушыларды жіберуді және оларды келген кезде күтіп алуды ұйымдастыру;

14) жиналыста жетекшінің есебін тыңдау, туризмді, өлкетануды, саяхатты насихаттаушы оқу-тәрбие және ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолдану үшін жорық, экспедиция, саяхат материалдарын ресімдеуді қамтамасыз ету.

108. Өз міндетін үлгілі орындағаны, туристік жорықтарды, экспедицияларды, саяхаттарды ұйымдастыру және өткізу бойынша мінсіз жұмыстары үшін іс-шараны өткізуші ұйымның басшысы жетекшіге және жетекшінің орынбасарына Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мадақтау түрлерін қолдана алады.

109. Шара жетекшісі мен оның орынбасарына ерекше еңбегі үшін белгіленген тәртіпте «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Туризм саласына **сіңірген еңбегі үшін**» және тағы басқа төс белгілері ұсынылады.

110. Шара жетекшісі және оның орынбасары қылмыстық жауапкершілік тудырмай, Нұсқаулықты бұзғаны үшін, немесе педагогке және азаматқа лайықсыз іс жасағаны үшін тәртіптік жазадан басқа, іс-шараны өткізетін ұйым Басшысының ұсынысы бойынша жартылай немесе толықтай біліктілігінен айырылуы: жаттықтырушы дәрежесінің төмендетілуі; жаттықтырушы дәрежесінен айырылуы; оқушылардың жорығы мен экспедициясына жетекшілік етуге тыйым салынуы мүмкін.

7. Жалпы білім беру мектептерінде туристік, өлкетану және саяхат жұмыстарын ұйымдастыру

111. Туризм, өлкетану және саяхат білім алушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің әсерлі құралы болып табылады, оқушыларды жан-жақты тәрбиелеу мақсатына, оларды өмір сүруге және еңбек етуге дайындауға қызмет етеді. Туризм және өлкетанумен айналысу барысында танымдылық белсенділіктері дамиды, отансүйгіштік, дене және эстетикалық тәрбиесі жетіледі, денсаулықтары шынығады, бос уақытын дұрыс пайдаланады, ерік-жігері мен адамгершілік қасиеттері - ұжымшылдық, бастамашылық және еркіндік сезімдері тәрбиеленеді.

112. Жорық, саяхаттар барысында білім алушылар білім беру және қоғамдық ұйымдардың тапсырмаларын орындайды; табиғатты қорғау, табиғат және мәдениет ескерткіштерін қорғау бойынша жұмыстар жүргізеді.

113. Білім беру мекемесінде туристік, өлкетану және саяхаттық жұмыстарды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына, ҚР-ның Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтарына, әдістемелік нұсқаулықтарына және басқа да нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

114. Білім алушылармен туристік, өлкетану және саяхаттық жұмыстарды ұйымдастырудың міндетті өзара үйлесімді формалар жүйесін мыналар құрайды:

пәндер бойынша оқу және өлкетану материалдарын пайдалана отырып сабақтар жүргізу;

факультативті сабақтар мен пәндік үйірмелер;

бағдарламалық және бағдарламадан тыс саяхаттар;

туристік серуендер мен жорықтар;

көпкүндік саяхаттар мен экспедициялар;

туристік-өлкетану үйірмелері, секциялар, клубтар, мектеп мұражайлары және т.б.;

туристік-өлкетану кештері, викториналар, байқаулар, жарыстар, слеттер, конференциялар, көрмелер.

115. Туристік, өлкетану және саяхаттық жұмыстар білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктері, бағдарламалар талаптарына сәйкес жүргізіледі. Туристік жорықтардың бағдарының ұзындықтары мен ұзақтықтары туризм бойынша нормативтік талаптар және «Жас турист» және «Қазақстан саяхатшысы» белгілеріне сәйкес жоспарланады және ұйымдастырылады.

116. 4 сыныпта жыл сайын екі реттен кем емес бір күндік жорық, 5 және 6 сыныптарда екі реттен кем емес бір күндік және дала жағдайларында түнеумен бір екі, күндік жорық, ал 7-11 (12) сыныптарда – төрт күннен кем емес жорықтар, оның ішінде ұзақтығы 2 күндік дала жағдайларында түнеумен бір жорық өткізіледі.

117. Саяхаттар, туристік жорықтар, экспедициялар оқу жылы барысында, жексенбі күндерде және жалпы білім беретін мектептердегі демалыс уақытында, сонымен қатар қалалық және қаладан тыс лагерьлерде өткізіледі.

118. Мектепте туристік-өлкетану жұмыстарының нақты жүйесін құру үшін жылдық жоспарға «Туризм және өлкетану» тарауы қосылады.

119. Республикалық «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясы мектептегі білім беру-тәрбие жұмыстарының құрама бөлігі болып табылады.

120. «Менің Отаным - Қазақстан» экспедициясы «Жас Турист» және «Қазақстан саяхатшысы» туристік белгілерінің нормативтерін орындай отырып, жорықтарға шығару арқылы жаппай ішкі туризмді дамытуға, сонымен қатар қозғалыс белсенділігін арттыру және жорық өмірінде (туристік техника) қажетті ептіліктер мен дағдыны орындай білуге бағытталған.

121. «Менің Отаным - Қазақстан» экспедициясы бағыттар бойынша өлкетану тапсырмаларын орындауға бағытталады, оларда жорықтар, экспедициялар, сапарлар, нысандарды аралау көзделген.

122. Экспедицияларға 1-11 сынып оқушылары қатысады, олар мұғалімдердің (сынып жетекшілердің), тәлімгерлердің, қоғам өкілдерінің және экспедициялық жасақтардың басшыларының жетекшілігімен экспедициялық жасақтарға біріктіріледі.

123. Жасөспірімдер туризмі орталықтарында және өлкетану станцияларында жасақтар экспедициялық куәліктер мен тапсырмаларды алады. Туристік-өлкетану жұмысына басшылық жасау және оны бақылау үшін «Менің Отаным - Қазақстан» экспедициясының бірегей штабы құрылады, оның құрамы білім беру ұйымы жетекшісінің бұйрығымен бекітіледі.

124. Штаб құрамына мыналар кіреді: мектептің педагогикалық кеңесінің төрағасы, редакциялық коллегиялар, мектеп директорының тәрбие жұмысы бойынша орынбасары, тәлімгерлер. Білім беру ұйымының басшысы экспедицияның мектеп штабының төрағасы болып табылады. Экспедициялық жасақтар экспедицияның мектеп штабының жетекшілік етуімен жұмыс істейді.

125. Мектеп штабы айына бір рет отырыс өткізеді. Штаб отырыстарында экспедициялық жасақтарға тапсырмалар, бағдарлар

жасалады және бекітіледі, тапсырманы зерттеу мен орындау барысы туралы есептер тыңдалады, жасақтағы ізденіс жұмыстары бойынша тәжірибемен алмасу өтеді, экспедициялар бойынша жасақтар жұмыстары қорытындыланады, жорық өткізу қорытындылары жоспарланады және тыңдалады. Жорықтарда, саяхаттарда, экспедицияларда, экскурсияларда ізденіс тапсырмаларын орындау барысында жиналған материалдар пәндік кабинеттерге, бұрыштарға, залдарға және мұражайларға орналастырылады.

126. Туристік-өлкетану жұмысы педагогикалық кеңестерде, директордың жанында өткізілген отырыстарда, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктерінде және семинарларда талқыланады.

127. Экспедициялық жасақтар бір сыныптағы білім алушылардан құралады. Жасақтар аталуын, девизін, эмблемасын, әнін тандайды. Жасақ қызметі сынып бұрышында көрсетіледі. Жорықтар, саяхаттар, экспедициялар, туризм бойынша слеттерге, жарыстарға қатысу жоспарланады.

128. Мектептегі туризм және өлкетану бойынша үлгілік құжаттар:

- туристік-өлкетану жұмыстарының жоспары;
- экспедицияның мектеп штабының жұмыс жоспары;
- мектеп бойынша жорықтар, экспедициялар мен саяхаттар жасауға бұйрықтар;
- жасалған жорықтардың бағдарлық парақтары;
- «Жас турист», «Қазақстан саяхатшысы» белгілерін беру бұйрықтары;
- жорықтардың, саяхаттардың және тақырыптық экспедициялардың кестесі;
- тапсырмалары бар экспедициялық жасақтардың жұмыстарын есепке алу журналы.

129. Білім беру ұйымының әдістемелік кабинетінде болуға тиісті:

«Менің Отаным - Қазақстан» - «Ұлы Дала Елі» туристік-өлкетанушы экспедициялық жасақтардың республикалық слетін өткізу ережесі;

Мектеп оқушыларымен Қазақстан аумағында туристік жорықтарды, экспедицияларды және саяхаттарды ұйымдастыру мен өткізу бойынша нұсқаулық;

Мектеп мұражайы туралы ереже. Мектеп мұражайларын құру туралы ұсынымдар;

Мектептегі туристік-өлкетану жұмыстары туралы ереже;

Туризм түрлері бойынша разрядтық талаптар.

130. Жорықты ұйымдастыру, бағдарлық құжаттарды рәсімдеу, жорық туралы есептер дайындау, тақырыптық кештерді өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар.

131. Туризм және өлкетану бойынша жалпы мектептік бұрышта болуы тиіс:

- экспедицияның мектеп штабының құрамы мен жоспары;
- экспедицияның қысқаша мазмұны;
- экспедициялық жасақтарға тапсырмалар;
- тапсырмалар барысы мен оны орындау туралы ақпарат;
- туризм және өлкетану бойынша көпшілік іс-шара жоспары;
- туристік белгілер мен разрядтардың нормативтері.

132. Туристік-өлкетану және саяхаттық жұмыстардың негізгі көрсеткіштері ретінде мыналар саналады:

жорықтарда, экспедициялар мен саяхаттарда өлкетану және зерттеу тапсырмаларын орындау бойынша жұмыстар;

«Жас турист», «Қазақстан саяхатшысы» белгілері иегерлерін, разрядшы туристерді дайындау;

мектепте туризм бойынша көпшілік іс-шаралар өткізу: слеттер, жарыстар, кештер, фестивальдар, байқаулар және қалалық, республикалық іс-шараларға қатысу;

мектепте туристік жабдықтардың болуы;

мектеп мұражайы немесе мұражай бұрышының болуы.

133. Білім беру ұйымының басшысы туристік, өлкетану және саяхаттық жұмыстарды ұйымдастыруға жауап береді, оны өткізу үшін қажетті жағдайлар жасайды; туристік, өлкетану және саяхаттық жұмыстарды ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттарды орындауға бақылауды жүзеге асырады.

134. Туристік, өлкетану және саяхаттық жұмыстарға білім беру ұйымының барлық ұжымы мен білім алушылары қатысады. Мектепте оқушылардың «Менің Отаным - Қазақстан» туристік-өлкетанушылық экспедициясының штабы құрылады.

135. Оқу-тәрбие ісі бойынша директордың орынбасары мектеп бағдарламасы пәндерін оқытуда өлкетанушылық принциптерінің жүзеге асырылуына жауап береді; факультативтер мен пәндік үйірмелердің жұмыстарын, бағдарламалық саяхаттар өткізілуін, саяхат, туристік жорықтар барысында тәжірибелік жұмыстардың орындалуын бақылайды; әдістемелік бірлестіктерде пәндер бойынша туристік-өлкетану жұмыстарының педагогикалық тиімділігі мәселелерін қарастыруды ұйымдастырады; оқу кабинеттерінде, мектеп мұражайында өлкетанушылық материалдарының болуын және оны оқу барысында пайдаланылуын бақылайды.

136. Білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен тағайындалған туристік-өлкетану жұмыстары бойынша ұйымдастырушы-педагог (оқытушы келісімімен) туристік, өлкетану және саяхаттық жұмыстарын сабақтан тыс уақытта өткізуге жауап береді; туристік, өлкетану үйірмелерінің, секциялардың, клубтардың жұмыстарын және т.б. бақылайды; Оқушылар үйлері, сарайлары, жас туристер бекеттері, балалар-жасөспірімдер туризмі мен өлкетану орталықтары және басқаларының қызметкерлерін жұмысқа тарта отырып, оқытушыларды жорық пен саяхатқа, мектеп мұражайына жетекшілік етуге дайындау үшін сабақтар өткізеді; мектепте және тұрғылықты орындарда ата-аналар, педогогикалық жасақ мүшелерін және басқаларды туристік, өлкетану және саяхаттық жұмыстарды өткізуге тартады; оқушылар, педагогикалық ұжым мен ата-аналар арасында туризм және өлкетану бойынша үгіт насихат жұмыстарын ұйымдастырады.

137. Туристік-өлкетану жұмыстары бойынша ұйымдастырушы-педагог мектептің педагогикалық ұжымымен, «Менің Отаным - Қазақстан» туристік-өлкетану экспедиция штабымен бірлесіп, туристік, өлкетану және саяхат жұмыстарының жоспарын құрады; жорық бағдарларын жасайды, саяхат нысандарын анықтайды, экспедициялық жасақтарға тапсырмалар құрастыруға қатысады; педагогикалық қызметкерлермен, экспедициялық жасақ жетекшілерімен, ұзартылған күн топтары тәрбиешілерімен, сонымен қатар оқушылардың туристік белсенділерімен оларды жорыққа және экспедицияға дайындау бойынша сабақтар өткізеді, тиісті білім беру мекемесінің қажетті құжаттарын бағдарлық-біліктілік комиссияға ұсынуды қамтамасыз етеді; көпшілік мектеп шараларын ұйымдастырады: жорық, саяхат, туристік слеттер мен жарыстар, өлкетану викториналарын, конференцияларды; туристік жорықтар, саяхаттар барысында қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулықтар өткізеді; туристік және саяхаттық жұмыстарды есепке алады, бағдарлық парақтар мен саяхаттық жолдаманы тіркеуді жүзеге асырады; туристік жорықтар мен саяхаттар өткізеді.

138. Сынып жетекшілері тәрбие жұмысы жоспарында туристік жорық пен саяхат өткізуді қарастырады; білім алушылардың жорықтарға, экспедицияларға, саяхаттарға, «Жас турист», «Қазақстан саяхатшысы» белгілерін алу үшін нормаларды тапсыруға дайындық жүргізеді, пән мұғалімдерін, мектептегі медицина қызметкерін, басшылық ететін ұйымдардың қызметкерлерін, ата-аналар белсенділерін тарта отырып, туристік жорық, экспедиция, саяхат өткізеді.

139. Дене шынықтыру мұғалімі жас туристердің дене даярлықтарын ұйымдастырады; туризм бойынша нормативті қабылдауды қамтамасыз етеді; туристік жарыстарды ұйымдастырады, туристік жорықтар, экспедициялар, саяхаттар өткізеді.

140. Әскери жетекші оқушыларды әскери-отансүйгіштік тәрбие беру бойынша шаралар жоспарына сәйкес жорықтың бағдары мен тапсырмаларын жасауға қатысады; жас туристерді топография мен тұрған орнында бағдарлауға, туристік жорықтар, саяхаттар мен экскурсиялар бойынша арнайы дайындықты дайындау мен өткізуге қатысады.

141. Медициналық қызметкер жорыққа, саяхатқа шығатын оқушыларға медициналық бақылау жасайды, туристік жарыстарда медициналық қызмет көрсетеді; оқушыларға, туристік топтарда санитарлық-гигиеналық жұмыстар үшін жауаптыға инструктаж ұйымдастырады, оларды дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетуге үйретеді; жорықтық дәрі қобдишасын жинақтайды.

142. Мектеп кітапханашысы туристік, өлкетану бойынша әдебиеттердің шағын кітапханасын, бағдарлар сипаттарын, туристік карталарды, әдістемелік материалдарды жинақтайды; туристік, өлкетану әдебиеттер көрмесін ұйымдастырады.

143. Туристік лагерь басшысы білім алушылармен туған өлкенің тарихи, мәдени және табиғат ескерткіштеріне саяхат пен жорық, өлкетану жұмыстарын, мектеп мұражайына материалдар жинақтауды, экспедициялық тапсырмаларды орындау мақсатымен біркүндік, екі-үшкүндік, көпкүндік туристік жорықтар және «Жас турист», «Қазақстан саяхатшысы» белгісіне нормаларды, туризм бойынша жалпы лагерьлік жарыстарды ұйымдастырады.

144. Туристік, өлкетану және саяхаттық жұмыстарды өткізуде білім беру ұйымдарына әдістемелік нұсқаулық және ұйымдастырушылық көмекті білім беру ұйымдарының бөлімдері (басқарма) тікелей жас туристер бекеттері, балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану орталықтары, оқушылар үйлері, сарайлары, әдістемелік кабинеттер, ҚР ҰСТФ-тың белсенді қатысуы, біліктілікті арттыру институттары, спорттық ұйымдар, туристер клубтары, мұражайлар, тарих, мәдениет және табиғат ескерткіштерін қорғау қоғамдары арқылы қамтамасыз етіледі.

145. Қазақстан Республикасының оқушылар тобымен олардың даярлығы бойынша жорықтарды, экскурсияларды және саяхаттарды ұйымдастыру мен өткізу мәселелері бойынша кеңестерді, өткізілген туристік іс-шаралардың есептерін және туризм бойынша спорттық разрядтарды беру материалдарын қарастыруды ББК немесе ҚР ҰСТФ ББК жүзеге асырады.

8. Туристердің қауіпсіздігі

146. Біздің елдің аумағындағы туристердің қауіпсіздігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен кепілдендіріледі. Қазақстан Республикасы туристерге - Қазақстан Республикасының азаматтарына оның шекарасынан тыс жерлерде қауіпсіздігіне және қамқорлығына кепілдік береді.

147. Туристердің қауіпсіздігі ретінде туристердің жеке қауіпсіздігі, жорық, экспедиция, саяхат кезінде олардың мүліктерінің және қоршаған ортаның қорғанысы, сонымен қатар үшінші елдерге туризмді заңсыз көші-қон және тасымалдау, сексуалды, еңбек және басқада азаматтарды қанау есебінде қолданудың алдын алуға бағытталған шаралар жиынтығы түсіндіріледі.

148. Қазақстан Республикасының аумағында білім алушылармен туристік жорық, экспедиция және саяхат ұйымдастыру және өткізу кезінде қауіпсіздік ережесі бойынша нұсқамалық жетекшімен және оның орынбасарымен (көмекшісімен) жорық, экспедиция, саяхат алдында жеке өткізіледі.

149. Нұсқамалық журналда (1-қосымша) жорықты, экспедицияны, саяхатты өткізу туралы бұйрықтың күні мен нөмірі және олар туралы қысқаша мәлімет жазылады: іс-шара түрі (жорық, экспедиция, саяхат), өткізу мерзімі, бағдары (бастапқы және соңғы пункті) немесе шығу орны (топтың, жасақтың орналасқан қаласы, мекен-жайы); қатысушылардың саны және олардың оқып жатқан сыныбы.

150. Шараның жетекшісі және оның орынбасары (көмекшісі) әр нақты іс-шараға және өз аттарынан ғана қол қояды.

151. Жетекшінің және оның орынбасарының (көмекшісі) ауыстырылуы кезінде нұсқаулық журналдағы жазба қайта толтырылады.

152. Журнал іс-шараны ұйымдастыратын ұйымның басшысында сақталады және бақылаушы ұйымның талабы бойынша ұсынылады.

153. Жазатайым жағдайлар мен жарақаттардың алдын алудың негізі бағдарға жіті және жоспарлы дайындық болып табылады. Жорық қатысушыларына болуы мүмкін қауіп-қатерлерді білу, жорыққа психологиялық және жан-жақты дайындалу, әртүрлі жағдайларда тәртіп дағдыларын қалыптастыру керек. Жорықта апаттық немесе төтенше жағдайлардың туындау себептерін үш топқа бөлуге болады:

шара жетекшісінің кінәсінен туындайтын;

жорыққа қатысушы-балалардың кінәсінен туындайтын;

табиғи факторлар және жорықтағы күтпеген жағдайлардан.

154. Алғашқы екі топ – адамдардың жүріс-тұрысына тәуелді субъективті қауіп-қатерлер. Төтенше жағдайдың туындау себебі жетекшінің өз-өзін ұстай білмеуі, шыдамсыздығы, ашушаңдығы сияқты жеке қасиеттері болуы мүмкін. Жетекшінің балалардың дене және техникалық дайындығына, олардың психологиялық жағдайына, топқа қарым-қатынасына бақылауының жеткіліксіздігінен болады. Әртүрлі жағдайларға байланысты жорыққа шығу алдында топқа жаңа қатысушыны қосу: сырқаттанған қатысушыны ауыстыру, ата-аналардың табанды өтініші, күтпеген салдарға алып келуі мүмкін. Жетекші бағдар кезінде жорықта, экспедицияда, саяхатта топтың амандығы оған байланысты екенін түсінуге міндетті.

155. Шара жетекшісі бағдардың бастапқы нүктесінен көшуді және елді мекен бойынша жүруді бақылайды. Балалар жетекшіні барлық түсінбестіктер пен қақтығыстар туралы хабар етуге міндетті. Жетекшінің өзінің техникалық дайындықта әлсіздік көрсетуі бағдар бойынша қозғалуды дұрыс ұйымдастырмауға алып келуі мүмкін. Кейбір қатысушылар үшін әлі келмейтін үлкен дене жүктемелердің көп болуы, тез шаршау, қырағылықтан айырылу мен жарақат алуға алып келеді.

156. Шара жетекшісі барлауға қозғалу бағыты мен бақылау уақытын нақты түсіндіре отырып, тәжірибелі 2-3 қатысушыны жіберу керек. Топ жетекшісінің өз бетінше бағдарды қиындатуға, топтың бөлінуі мен ажырауына жол бермеу керек, жоспарланбаған табиғи кедергілерден өтуге (тау өткелдерінен, өзен арқылы өту және тағы басқалар), балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп-қатер тудыратын іс-әрекеттеріне жол берілмейді.

157. Жорықта төтенше жағдайлар тәртіпті бұзу себебінен, мысалы, лагерьдің орналасқан жерінен өз еркімен кетуден, бағдарда топтан қалып қалудан, жауапкершіліксіз даңғойланушылықтан немесе жас туристердің тәжірибесіздігінен – дене, жігер және техникалық дайындықтың аздығынан, жарақат алушыға дәрігерге дейінгі алғашқы көмекті жедел көрсете алмауынан болуы мүмкін.

158. Елді мекеннен өту кезінде топ жетекшісі ойланбастан жасалған, жергілікті тұрғындар үшін ренішті болуы және шиелініс жағдайын туғызуы мүмкін іс-әрекеттер мен пікірлердің алдын алады. Жергілікті жастарда туристік топқа теріс қызығушылықтың туындауын алдын алу үшін, елді мекенді айналып өткен және дем алу мен түнейтін жерді елді мекеннен алыс орнатқан жөн.

159. Ауа-райының лезде өзгеруі, жарақ бөліктерінің болуы мүмкін жоғалуы және сынуы, азық-түліктің жоғалуы айтарлықтай қауіпті болып табылады.

9. Саяхат, жорық және экспедиция өткізу кезінде білім алушылардың шомылатын жерін таңдау және ұйымдастыру

160. Туристік жорықта, экспедицияда, саяхатта шомылу ең жауапты сәттердің бірі болып табылады және жетекшіден жоғары зейінді талап етеді. Жорықта, экспедицияда, саяхатта шомылу спорттық емес, тек гигиеналық және сауықтыру мақсатын көздейді.

161. Елді мекендерде немесе оларға жақын жерлерде шомылу сол жердегі қоршаумен қоршалған, кезекші құтқарушы қайығы бар жағажайларда жүргізіледі. Барлық жағдайларда, егерде арнайы жабдықталған жағажай болмаған кезде, жетекшінің өзі, шомылуға таңдалған жердің тереңдігі мен қауіпсіздігін, оңай түсуін, түбінің құмды немесе малта тасты екендігін, ескі тіреуіштің, тастардың, шұңқырдың жоқтығын тексеруге міндетті.

162. Кез-келген жағдайда, арнайы жабдықталған жағажайдың жоқтығында, шомылатын жер, канализация, ағын судың өтетін және ластанған су көздерінің орнында болмауы керек.

163. Өзендерде шомылуға арналған орындарды тұрмыстық және өнеркәсіптік ағын сулардан, малдардың қоныстануына және су ішуі, шомылуына қолданылатын жерлерден жоғары таңдау керек.

164. Шомылуға мүлдем тыйым салынады:

гидротехникалық құрылғылардың, тоғандардың, шлюздердің және бөгеттердің жаңындағы су қоймаларында;

бірінші санитарлық күзет аймағы шекараларында, шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ететін көздердің шекарасында.

165. Ағыстың жылдамдығы секунднына 0,3 м аспайтын шомылатын жердің тереңдігі 1,2 м болуы керек.

166. Шомылатын жердің тереңдігін өлшегенде, жағалаумен шектелмеу керек, таңдалған жермен барлық бағыт бойынша бірнеше рет жүріп өту қажет. Шомылу шекарасын барлық шомылушыларға көрсету керек.

167. Шомылу кезінде судың температурасы 18°C-тан төмен болмауы тиіс.

168. Туристік топтың шомылатын құралдары бар болса, шомылуға бөлінген жерді күзету аталған құрылғыны қолдану арқылы жүргізіледі.

169. Шомылу жорық жетекшісінің рұқсатымен ғана жүргізіледі. Бақылау және дер кезінде көмек көрсету үшін жорық жетекшісі және оның орынбасары жағада болуы керек.

170. Егер топта, жасақта шебер жүзетіндер болса, оларды жетекшіге көмекке кезекшілікке тартуға болады, бірақ оларға шомылуға басшылықты тапсыруға болмайды.

171. Бір уақытта 8 адамға дейін және 10 минуттан асырмай шомылуға рұқсат берілген.

172. Шомылу кезінде айқайлауға болмайды. Қатысушыларға шомылу кезіндегі айқайлау көмек туралы белгі екенін түсіндіру қажет.

173. Көпірден, қайықтан, жарлауытты жағалаудан, сонымен қатар ымырт қараңғыда және түнгі уақытта суға сүңгуге;

тамақтанғаннан соң 45-50 минут ішінде шомылуға мүлдем рұқсат етілмейді.

Балаларға туристік-өлкетану бойынша қосымша білім беру ұйымының жұмыс тәжірибесінен

Демалыс күніндегі жорықты өткізуге үлгілік нұсқаулық

Жанайдаров Ж.Т., Ақтөбе қаласындағы Жас туристер станциясының директоры.

Ноғаева Б.К., Ақтөбе қаласыныңдағы Жас туристер станциясы директорының орынбасары.

Демалыс күндеріндегі жорық спорттық, танымдық және сауықтыру бағытында болуы мүмкін. Олар туристердің жұмысқа қабілеттілік деңгейін есепке ала отырып өткізуі тиіс. Туристік жорық белгілі бір мақсатқа ие болуы тиіс, оны шешу үшін саяхат ауданы дайындалып, бағыт құрылады. Саяхат бағдарын дайындау кезінде бағдардың бастапқы және соңғы есеп нүктелерін, бағдар бойынша өтетін негізгі бекеттер бекітілуі, жорықтың жоспар-кестесі құрылуы тиіс. Жоспар-кестесіне негізгі құжат болып табылатын бағыттың сызбасы қосымша жалғанады. Туристік топты жинақтауды жастары бірдей балалардан жинақтаған дұрыс, жас ерекшелігі 2 жастан және сандық құрамы 15 адамнан аспауы керек.

Демалыс күндеріндегі жорықтарды дайындау кезінде қатысушылардың жасы, дене дайындығы, қызығушылығы есепке алынады. Демалыс күндеріндегі жорықтан қайтар жолда көлікпен келген дұрыс. Егер ол мүмкін болмаса, жорық бағдарламасын кейін қайту жолына кететін уақытты есепке ала отырып құру қажет. Бұл жағдайда демалыс күніндегі жорық бағытының жалпы қашықтығына кейінгі қайту жолы қоса есептеледі.

Демалыс күндеріндегі жорық бағдарламасына көпшілік іс-шаралар қосылады: жергілікті жерде ойындар, туризм және спорттық бағдарлау бойынша жарыстар, алауда тамақ дайындау. Құрал-жабдықтарға келесілер қосылады:

жорық ауданының картасы;

құбылнама (компас);

дәрі-дәрмек қобдишасы;

сіріңке;

фотоаппарат;

алау жабдықтары;

туризм бойынша жарыстар өткізу үшін құрал-жабдықтар.

Жорыққа қатысушылардың жаттығу костюмдері, бас киімі, спорттық аяқ киімі, қалың шұлығы болуы тиіс.

Демалыс күндеріндегі жорықты өткізуді растау құжаты болып бағдар сызбасы және жоспар-кестесі қоса жалғанған бағдар қағазы болып табылады. Жорықтан қайтып келу кезінде бағдар қағазы бағдардағы белгілермен тіркеледі.

Білім алушылармен саяхат кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық өткізудің үлгілік жоспар-жазбасы

Жанайдаров Ж.Т., Ақтөбе қаласындағы Жас туристер станциясының директоры.

Ноғаева Б.К., Ақтөбе қаласындағы Жас туристер станциясы директорының орынбасары.

Жол қозғалысы ережесін сақтау

1. Жаяу жүргіншілерге қай жерде жүруге рұқсат етіледі:

тротуар;

жол жиегі;

жаяу жүргіншілер жолы;

велосипедшілердің қозғалысына кедергі келтірмесе, велосипед жолы.

Елді мекеннен тыс жерде жаяу жүргіншілер қозғалысқа қарсы жүруі керек, ал елді мекенде қарсы да, көлік қозғалысы бойынша да жүре алады. Велосипед, мопед, мотоцикл жүргізуші немесе мүгедек арбасымен қозғалушы, шана, арба сүйреуші тұлғалар көлік қозғалысының бағытымен жүруі тиіс.

2. Белгіленген жерде жаяу жүрушілердің қозғалыс ережесі:

жолдың оң жағын ұстай отырып жүру керек;

жөндеу жұмыстары болып жатқан жерді жол жиегінің сыртқы жағымен айналып өту керек;

Жаяу жүргіншілердің қозғалысына арналған жерлерде **тыйым салынады:**

ойнауға;

велосипедпен, ролик конькилермен жүруге;

жол жиектерінде және бордюр тастарында, жол қоршауларында жүруге, тұруға, отыруға;

егер өтетін жолға қандай да бір зат түссе, оны алар кезде денсаулыққа зиян жоқтығына көз жеткізу қажет;

қараңғы уақытта киімге жүргізушілердің машина жарығымен көретіндей жарық түсіретін элементтер таққан дұрыс.

3. *Өтілетін жолды қай жерде кесіп өтуге рұқсат етіледі:*

жер асты өтпе жолы;

жер үсті өтпе жолы;

жол белгілерімен белгіленген жаяу жүргіншілер өтпе жолы.

Егер жолда жаяу жүргіншілер жолағы белгісі болмаса, көше қиылысымен, жаяу соқпақ сызығы бойымен өтуге рұқсат етіледі.

Трамвай аялдамаларында жаяу соқпақтан трамвай тоқтайтын бөлігіне дейін, трамвайдан шыққаннан кейін, өтілетін жолдың ортасында жаяу жүргіншілер қауіпсіз екенін біліп, сосын тек жаяу соқпаққа бағытталу керек. Егер трамвайдан шығатын жаяу жүргіншіге қарама – қарсы жолға шығу керек болса, трамвайдың есігі жағындағы жаяу соқпаққа бірінші шығып, рұқсат етілген өтілетін жол бөлігіне орнын анықтау арқылы, сол жақтан келесі бөлікке өту қажет.

Егер де жаяу жүргіншінің өтіп шығу жолы және көше қиылысуының көріну мүмкіндігі болмаса, ал жол екі бөлікті жолақ және қоршаусыз болса, тек содан кейін жаяу жүргінші жақындап қалған көлік құралына дейін қашықтық пен оның жылдамдығын бағалағаннан соң екі бағытта да жақсы қаралатын болса ғана жүретін жол бөлігінің тіке ұшымен өтуге ғана рұқсат етіледі.

Көше қиылысында және жаяу жүргіншілер жолында жаяу жүргіншілер өтетін жолды тек арналған арнайы бағдаршам немесе бағыттаушы дабылымен өту қажет.

4. *Өтілетін бөлікті қалай қауіпсіз өту қажет.*

Қиылысып өтілетін бөлікте бір бағытта немесе екі бағыттағы қозғалыс екенін анықтау керек.

Өтілетін бөлікке шықпай солға және оңға қарап, көлік құралының жоқ екеніне көз жеткізу қажет (бұдан әрі - КҚ).

Егерде жаяу жүргіншіге оған жақындап қалған көлік құралының екі бөлікті жолақтан тыс өтуін немесе аялдама қауіпсіздігін күту керек болса, онда оған өткініші жолды өтудің қажеті жоқ.

Өтілетін бөлікті өту кезінде жаяу жүргінші қажет болмаса тоқтауға немесе кешігіп тұрудың қажеті жоқ.

Көлік құралын әр кезде бақылап тұру керек және олардың жақындап қалған кезінде жолдан жүгіріп өтуге болмайды.

Өтілетін жол бөлігінің қиылысын тіке бұрышынан өту екі жақ бөліктен шолып қарауды және арақашықтықты қысқартады.

Жағымды жағдайда өтіп шығу үшін өтіп шығу жолынның оң жағын ұстай отырып, жай қадаммен жүру қажет.

Жүргіншілер барлық өту жол бөлігін өтуге үлгере алмаған жағдайда, кептеліс қауіпсіз мүмкіндігін көргеннен кейін немесе екі бөлікті жолақта өтілетін жол қауіпсіздігін күтеді, ал егер жол сызығы болмаған жағдайда бөлінген көлік құралының қарсы бағыттағы ағымын жіберіп содан кейін көлік құралын өткізіп жіберу қажет.

Өту жолы кезінде қауіпті бөлік көрінуге шектеулі тұрған көлік құралдары болып тұрады.

5. *Не істеуге тыйым салынады:*

Өтілетін бөлік жолын өту жаяу жүргінші жолынан тыс, екі бөлік жолағы кезінде;

Жол немесе жаяу жүргінші қоршаулары қондырылған бөліктерде жүруге;

«Автомагистраль» жол белгісі белгіленген жол бойынша;

Жеке қауіпсіздікке көз жеткізбей жол бөлігіне өтуге;

Жаяу жүргінші өтетін жолына жалтылдаған шамшырақ қосылған көлік құралы жақындаған кезде жаяу жүргінші өтілетін бөлік жолына шықпауы қажет, ал оның ішіндегілер міндетті түрде жаяу соқпағына немесе жол жиегіне қайтып келу керек.

Жол өтуді тек көлік құралы өтіп болғаннан кейін және барлық көлік құралдарын шығарып салу коллонасынан кейін өту қажет.

Жеке қауіпсіздікке көз жеткізбей жол бөлігіне өтуге;

Жол өтуді тек көлік құралы өтіп болғаннан кейін және барлық көлік құралдарын шығарып салу коллонасынан кейін өту қажет.

Іс шараларды өткізу кезінде поездарды қолдану бойынша тәртіп ержелерін сақтау.

Іс шараға қатысушы топтар вокзалда жетекшілерді тыңдай отырып қозғалу қажет.

Поездға отырғызу кезінде қатысушылардың бір вагонға бір есіктен отырғызылуы қажет.

Поезда вагон бойынша және қысқа жолды аялдамаларға шығуға тыйым салынады.

Барлық топ қатысушылары платформаның жиегіне жақын тұрмау қажет.

Топ қатысушыларының поезд қозғалысы кезінде вагон тамбурында және вагон бойынша жүруге рұқсат етілмейді.

Іс-шараларды өткізу кезінде жалдамалы автобустарды қолданудағы сақталатын тәртіп ережелері.

Қатысушылардың автобус қозғалысы және аялдама кезінде тәртіп ережесін сақтау қажет: автобуста жүруге, жүгіруге, есік алдында тұруға болмайды. Жеке гигиенаны ұстау және жетекшілерді тыңдау қажет.

Ауа райының құбылмалы жағдайында қатысушылардың киім жабдығы сәйкес келуі керек.

Көп жағдайда автобуска қатысушыларды отырғызу барлық есіктерден болу қажет, сондықтан экскурсияға қатысушылар асығуға, артық қапалануға болмайды, әр кезде жетекшілерге іс шараның қатысушыларының санын нақтылауға көмек көрсету қажет.

Аялдама кезінде автобустан шығу алдыңғы есіктен болу керек, шығар кезінде асықпай, бір – бірін түйіп өтпей, өтілетін жол бөлігін мұқият қарау қажет. Өтетін жол бөлігіне қатысушыларды шығармау үшін сыртқа іс шараның жетекшісі бірінші шығады. Ең соңынан автобус салонындағы шығу тәртібін қадағалайтын жетекші орынбасары шығады.

Сыртқы іс-шараға қатысушыларға автобус салонында жүруге, санитарлық тұрақ кезінде өтетін жол бөлігіне шығуға, іс-шараға қатысушылардың біреуі автобуста жоқ болса, автобустың жүріп кетуіне рұқсат етілмейді.

Бағдарды жобалау және саяхаттау ауданын таңдау бойынша үлгілік нұсқаулар

Журавлева В.Г., Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласындағы «Планета» туристік орталығының әдіскері.

Кез-келген бағыттағы туристік жорықтың мақсаты болу керек, ол үшін саяхат ауданы және бағдар жобасы шешіледі. Мұнда географиялық, экономикалық және басқа да саяхат аудандарының ерекшеліктерін білу қажет. Саяхат ауданымен мұқият танысып болған соң, топ өзінің бағдар жобасына кіріседі. Саяхат бағдарын жобалауда мүмкін болатын түнеу орындарын белгілеу керек және олардың ірі елді мекендердегі орындары талқыланады. Демалыс күндері жорық бағдарын жобалауда оқушылардың жасы, дене дайындығы және қызығушылығы ескеріледі.

Демалыс күндегі жорық бағдарының жалпы ұзақтығына кері қайту жолы да енеді. Демалыс күндегі жорықты өткізуге құқық беретін құжат белгіленген үлгідегі бағдар парағы болып табылады, оған бағдар

схемасы және жоспар-кестесі тіркеледі. Демалыс күндегі жорыққа рұқсатты жіберуші ұйымның басшысы береді.

Бастаушы туристер үшін көп күндік жорық бағдары туған өлкеде өткізілуі тиіс. Өз туған өлкесімен танысқаннан кейін ғана, топ алыс жердегі саяхат аудандарын таңдай алады.

Саяхат бағдарын жобалау кезінде таңдаған аудандардың 1:100000, 1:200000 масштабтағы топографиялық карталары болу керек.

Бағдар танымдық жағынан қызықты және қолайлы кіреберісі болуы керек. Бағдарға кіреберіс пен кері жолға арналған уақыт, сонымен қатар көлік шығындары барлық жорық уақыты мен шығынының 20-30%-дан аспауы қажет.

Бағдарды жобалау кезінде бастапқы және соңғы нүктелерді, сонымен бірге бағдар өтетін негізгі бекеттерді орнату керек. Бағдар жібi дайын болғаннан кейін схема бойынша жорықтың жоспар-кестесі құрылады: жорық күні, мерзімі, бағдар қатысушылары, қозғалыс тәсілі, экспедициялық көлемі. Қозғалыс кестесін құру кезінде есте сақтау қажет: 7-8 сынып оқушылары үшін бағдар ұзақтылығы 20 күн, тәуліктік жүріс 16 км дейін, 9-10 сынып оқушылары үшін 30 күнге дейін, тәуліктік жүріс 18 км дейін.

Дәрежелік емес жорыққа дайындық кезінде жоспар-кестеге бағдар схемасы тіркеледі, бұл берілген жорықты өткізу үшін рұқсат алу құжаты болып саналады. Дәрежелік жорық үшін жоспар-кесте ұсыныс кітабында орналасады.

Демалыс күнінің жаяу бағдары

Ауғанбаев Б.М., Алматы қаласындағы Жас туристер станциясының үйірме жетекшісі.

Іле Алатауының шатқалы – сел тасқынынан қорғау құрылысы – Плотина – Экобекет – Алма бағы – Қарағайлы өзені – қайыңды тоғай шатқалы - Қарағайлы өзені арқылы Лунная алаңқайына өту және Қарағайлы өзені арқылы Алматыға кері қайту – Алматы қаласы Наурызбай ауданы.

Жорықтың ұзақтығы – 5-6 сағат.

Бағдар 1 маусымнан 30 қыркүйек аралығы жұмыс істейді.

Жол ұзақтығы – 6-7 км.

Демалыс күнге арналған бағдар.

Балалар жасы – 6-7-8-9-10 сыныптар.

Туризм түрі – жаяу.

Сипаттамасы.


Ұсынылған бағдар қаладан 312-ші автобустан басталып, Жандосов көшесі, Яссауи көшесінің бұрышы, «Экспедиция» аялдамасы, Қарағайлы ауылына дейін (соңғы аялдама).

Бағдардың жаяу бөлігіне сапар соңғы аялдама Қарағайлы ауылынан басталады. Қарағайлы өзені бойындағы бақша алаптары арқылы өту – Экобекетке дейін – жолдың жалғасы, өзеннің батыс жағасына өтіп және сел тасқынынан қорғау құрылысына шығу және Қарағайлы ауылын сумен қамтамасыз ететін құбыр бойымен қозғалыс. Айналада төбелер мен Алма бақтары.

Алма бағынан кейін мал жайылымы басталады. Жағалау бойындағы соқпақ Прижимистое шатқалына келіп тіреледі. Бұл жерде біз өзенді кешіп өтеміз және соқпақ бойымен шығысқа қарай жүреміз. Біздің алдымыздан үлкен алаңқай мен Үлкен Алматы шатқалына (ҰАШ) көрініс ашылады. Төңірек өте әдемі, айналасы ақ қайың, сол себепті Лунная алаңқайы деп аталады. Осы жерде біз тоқтап, алаңқай маңы радиальды шолу жасадық. Түстен кейін біз соқпақ бойымен кері қарай Қарағайлы өзені арқылы, Экобекет және Қарағайлы ауының аялдамасына дейін кері қайттық.

Бағдар тізбегі

Алматы қаласы – у. Қарағайлы – Қарағайлы ауылы - сел тасқынынан қорғау құрылысы – Экобекет – Алма бағы – Қарағайлы өзені –Лунная алаңқайы және соқпақ бойымен Қарағайлы ауылана кері қайту.



Демалыс күнінің жаяу бағдары

Ауғанбаев Б.М., Алматы қаласындағы Жас туристер станциясы үйірмесінің жетекшісі.

Кіші Алматы шатқалы (КАШ) – «Просвещенец» демалыс үйі – Батарея өзені – Көкжайлау шатқалы – Казачка өзенімен төмен түсу – Үлкен Алматы шатқалы (ҰАШ).

Жорықтың ұзақтығы – 5-6 сағат.

Бағдар 15 мамырдан 30 қазан аралығы жұмыс істейді.

Жаяу жолдың ұзақтығы – 7-8 км.

Бағдар дәрежелік емес.

Балалар жасы – 7-8-9 сыныптар.

Туризм түрі – жаяу.

Сипаттамасы

Ұсынылған бағдар демалыс күнгі тынығуға есептелген.

Бағдардың жаяу бөлігіне кіреберіс Алматы қаласынан, Достық көшесі – Құрманғазы көшесі (№12 автобус) іске асырылады.

Автобус Кіші Алматы шатқалынан (бұдан әрі - КАШ) өтеді, ол жерде сел тасқынынан қорғайтын қоршаулардың үлкен кешені тұрғызылған. Автобус бұлаққа бұрылыста «Просвещенец» аялдамасында тоқтайды.

Бұдан әрі қарай жол топырақты, жолдың бойымен оңтүстікке қарай Батарея өзенімен орман соқпағымен жоғары қарай көтерілуге дейін, көтерілу ұзақтығы - 1,5-2 сағат, топ дайындығына байланысты.

Көкжайлау үстіртіне көтерілген соң, демалуға, қалаға көрініспен шолу саяхатын өткізуге, сарқырамаға баруға, шыңдарға шығуға болады. Осы жерден Мохнатқа тауы мен Кумбель тауы көрінеді. Көкжайлау үстіртінен батыста ҰАШ мен Алматы шыңы көрінеді.


Жолымызды демалыс орнынан батысқа қарай жалғастырамыз, соқпақ бойымен төменге түсеміз, айналада қалың орманы және бөктерімен әдемі шатқал орналасқан. Одан әрі соқпақ бойымен құрылысқа дейін жетеміз және Казачка өзенімен көпір арқылы қозғаламыз, альпілік көгалмен, әдемі гүлдермен жабылған – нағыз жайлау - алаңқаймен жүреміз.

Казачка өзені төмен қарай ағады және Үлкен Алматы көліне (бұдан әрі - ҰАК) құйылады.

Үлкен Алматы көлінен Экобекетке дейін аппараты соқпаққа шығамыз. №28 автобус аялдамасы – кері қайтамыз.

Бағдар тізбегі

Алматы қаласы – КАШ – Просвещенец – Көкжайлау – «Казачка»
өзені – Экобекет – ҰАШ



Қорытынды

Қазақстанда балалар-жасөспірімдер туризмі қоршаған ортаны және туризм құралдарын тану мақсатына, сонымен қатар өлкетану өскелең ұрпақтың, ата-аналардың және педагогикалық қоғамның жаппай қозғалысына айналуға. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде туристік-өлкетану жұмыстары жүйесі қалыптасты және жұмыс атқаруда. Оның дамуы сенімді түрде туризм мен өлкетануды қолданудың педагогикалық мақсаттылығы қоршаған ортаны тануда тиімді құрал екендігін дәлелдеді.

Біздің елде туристік саланы дамыту бойынша қойылған мемлекеттік тапсырмалар шеңберінде ішкі туризмнің басым дамуын ескере отырып, балалар-жасөспірімдер туризмін осы процеске өскелең ұрпақты кең көлемде араластыра отырып дамыту негізгі бағыттардың бірі. Балалар-жасөспірімдер жорықтарын, экспедицияларын және саяхаттарын уақытылы негізде өткізу ішкі туризмнің өсуі үшін қуатты түрткі болып табылады.

Туристік-өлкетану қызметі белсенді-танымдық қызметке және саналы түрде бейімділікті таңдауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Туристік-өлкетану қызметі құралдарымен адамгершілік тұлғаны құрастыру моделдеріндегі шарттар: жаңа жағдай; нақты еңбекпен айналысу; жүйелілігі және динамикалығы; мақсатқа жету үшін қозғалыс; өмірдің дұрыс режимі; тұлғалық қызығушылықтар мен мотивтерді ұстанғанда бірлескен ұжымдық қызмет.

Табиғатпен ұзақ қарым-қатынас, белсенді қозғалыс, ресми емес достық қатынастың қуанышы, тамаша демалу, сергектіктің және шынығудың жақсы зарядын алу мүмкіндігі туристік жорықтарды демалыс пен ағзаның физикалық қайта сауығуының үздік түрі етеді.

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулері балалар мен оқушы жастар арасында, бір жағынан, бірігуге, қоғамдағы олардың рөлдерін мойындауға, өз ойын білдірудің жолдары мен формаларын дербес таңдауға, өзін-өзі танытуға деген ұмтылыс байқалатындығын көрсетті. Басқа жағынан жеткіншектердің азаматтық ынта-ықыласының өсуін білім беру ұйымдарында өзін-өзі танытуға шынайы жағдайлардың жоқтығы тежейді.

Туристік-өлкетану жұмысы бағдарлама талаптарын, жас және жеке ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылады. Білім алушымен туристік жорық, экспедиция және саяхат бағдарлары ұзақтылығы мен ұзындығы бойынша нормаларға, разрядтық талаптарға сәйкес болуы керек.

Балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту міндеттерін шешу үшін жаңа импульс қажет, бұл үдеріске жас адамдардың көпшілігін тарту

кабілеті ғана емес, сонымен бірге жастардың мүмкіндіктері мен жүзеге асырылмаған резервтерін іздестіруді белсендіру қажет. Қажетті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін механизмдер балалар-жеткіншектер туризмін дамыту мақсаты, міндеттерін жүзеге асырудағы маңызды құралдардың бірі болуы керек: Қазақстан Республикасындағы туристік-өлкетану қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру.

Балалар туристік-өлкетану қызметін әдістемелік, нормативтік құқықтық сүйемелдеуді қамтамасыз ету үшін келесі құжаттарды құрастыру қажет.

1. Қазақстан Республикасының аумағында оқушылармен экскурсиялар мен экспедицияларды, туристік жорықтарды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқау.

2. Туристік жорықтардан және спорттық бағдарлаудан өту нормативтері.

3. Білім беру ұйымдарында туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар.

4. Туристік базалардың қызметі, шатырлы, туристік лагерьде жазғы демалысты өткізу туралы әдістемелік нұсқаулықтар.

5. Мектеп туризм нұсқаушысының қызметі туралы әдістемелік нұсқаулықтар.

6. Мектеп туристік жарыстардың төрешелерін өткізу туралы әдістемелік нұсқаулықтар.

7. Қоғамдық туристік кадрларды дайындау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар.

8. Туристік құралдарды және мүлікті сақтаудағы әдістемелік ұсыныстар.

Осылайша, балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудағы қиындықтарды шешу үшін Қазақстан Республикасында туристік-өлкетану қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді шешу механизмдері керек. Жақсы туристік бедел мен балалар-жасөспірімдер туризм жүйесін жедел дамыту шартын құру үшін туристік қызметті реттеудің нормативтік-құқықтық механизміне негізделген жетекшісаясатты жүргізу керек. Осында біз еліміздегі балалар-жасөспірімдер туризмін тұрақты дамыту бойынша мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуының заманауи механизмін көреміз.

Қауіпсіздік ережесі бойынша нұсқамалық өткізудің журналы

№	Нұсқаушының ТАӘ	Мамандығы, қызметі	Күні	Ереже аталуы көрсетілген нұсқаулық мазмұны	Нұсқаулық өткізушінің ТАӘ, қызметі	Нұсқаулық өткізуші, жауапты адамның қолы	Нұсқаулық алушының қолы	Ескертпе
.								

Жаяу, тау жорықтары және саяхат үшін жүктеменің үлгілік нормалары

Жаяу туризм

Жорықтардың және саяхаттардың түрлері	Арқаланатын жүк, километраж	Жасы				
		10	11-12	13-14	15-16	17
Бір күндік	Арқаланатын жүк (қыздар/бозбала)	3	3/5	4/6	5/7	6/9
	Барлығы км	10	12	12	20	24
Екі күндік	Арқаланатын жүк (қыздар/бозбала)	3	3/5	6/8	8/10	10/12
	Барлығы км	20	24	30	30-35	40
Үш күндік	Арқаланатын жүк (қыздар/бозбала)	4	5/7	8/10	10/12	14/16
	Барлығы км	30	36	45	45-50	50-60

Көпкүндік	Арқаланатын жүк (қыздар/бозбала)	5	6/8	10/12	12/14	14/16
	Күніне км	10	12	12-15	17-18	до 20
Ұзақтығы (жаяу жүру күндері)		6	20	24	24	30

1. Әрбір үш-төрт күннен кейінгі жорық жолынан соң (жаяу, су, шаңғы, велосипедті және т.б.) демалыс күні жоспарланады. Бұл күні өткелдер болмайды. Топ коллекция, зерттеу жұмысы үшін үлгілер жинаумен айналысады, саяхаттар, кездесулер және т.б. жүргізіледі.

2. Белгіленген ұзақтықтағы өткелдерді 13-17 жастағы оқушыларға, егер олар жаттықтырылған және бұрын бір-, екі-, үшкүндік жорықтарға қатысқан жағдайларда ғана рұқсат берілуі мүмкін, басқа жағдайларда нормасы төмендейді.

3. 14-жасқа толған, 7-8 сынып қатысушылары үшін, жеткілікті жаттықтырылған, туризммен үнемі айналысатын және «Қазақстан саяхатшысы» белгісі нормаларын орындаған жағдайда ғана, жорықтардың ұзақтығын арттыру - жаяу, су, шаңғы - 150 км-ге дейін, 20 күннен кем емес саяхаттау ұзақтығында велосипедте 250 км дейін рұқсат етіледі.

4. Жоғарыда атап өтілген жорықтар мен саяхаттар білім алушылардың жеке ерекшеліктерін және денсаулық жағдайын есепке ала отырып жасалады.

2-Кесте

Тау туризмі

Жорықтар мен экспедициялар түрлері	Арқаланатын жүк, километраж, жаяу жүру уақыты	Жасы			
		10-12	12-13	14-15	16-17
Бір күндік	Арқаланатын жүк (қыздар/бозбала)	5	6-7	7-8	8-10
	км-сағаты	10-3	12-4	15-5	18-6
Екі күндік	Арқаланатын жүк (қыздар/бозбала)	6	7	7-9	8-10
	км-сағаты	15-5	18-6	21-24 - 7-8	30-10
Үш күндік	Арқаланатын жүк (қыздар/бозбала)	5	8	8-10	10-12
	км-сағаты	20- 10	27-9	36-12	45-15

Көп күндік дәрежелік емес саяхаттар	Арқаланатын жүк (қыздар/бозбала)	5	8-10	10-12	12-16
	км-сағаты	3-8	3-8	8-12	до 15
Көп күндік дәрежелік саяхаттар	Арқаланатын жүк (қыздар/бозбала)	7-9	10-14	12-16	20-25
	Жаяу жүру күндері	6-20	24	24	30

Тау жорықтары мен саяхаттары қозғалысының тәртібі мен қарқыны, ретінің ерекшеліктері

1. Тау саяхатының күн тәртібі жаяу саяхаттың күн тәртібімен салыстырғанда бір-екі сағат алға жылжиды, бұл таудағы ауа райының тұрақсыздығымен және тау рельефіндегі өзіндік қауіптерге байланысты. Сондықтан тау саяхаттарында 4-5 сағат аралығында тұрып, 6-7 кезінде жолға шығу ұсынылады. Үлкен түскі үзіліс кейде кішкене тамақтанумен бір сағаттық демалыспен алмастырылады, ал демалу үшін лагерь кеш батқанға дейін бір-екі сағат бұрын құрылады.

2. Кідіріп көтерілулерде қозғалу тәртібі демалуға жиі аялдаулармен алмастырылады: әрбір 20-25 минуттық жүрістен кейін 10 минуттық демалыс болу керек. Қиын жерлерде көтерілудің әрбір 10-15 минуты сайын рюкзакты шешпей бір-екі минуттық аялдаулар жүзеге асады.

3. Таудағы қарқын көбіне бақылау рельефі мен бұрылуға байланысты: көтерілуде қарқын ақырын, түскен кезде жылдамырақ.

4. Қозғалыс тәртібі - қатаң түрде тізбек бойынша бір-бірден. Қиын тау құламаларымен, тау бөктерлерімен, шөгінділермен, мұз қозғалысынан пайда болған тау жыныстары сынықтарымен қозғалыс кезінде еңіс бойынша саяхатшылардың бірінен бірі биік тұруларына жол берілмейді. Егер басқа қозғалыс амалы болмаса, саяхатшылар бір-біріне жақын жүріп қозғалулары керек. Топ жетекшісі өткел арқылы қозғалыс сызбасын нақты жағдайға байланысты, ауа райының, барлық қауіпсіздік шараларының қадағалануына сәйкес анықтайды.

5. Тау саяхаттарының қиындығы жүрістердің белестерге дейінгі ұзақтығына, көл арқылы өткелдердің санымен, сипатымен, қар сызығынан жоғары түнеулермен, биіктікте тұру ұзақтығымен, бағдарлардың жоғары биіктіктерімен, жолдағы жанармайға байланысты анықталады. Таудағы табиғи кедергілерді өткеруді талап ететін бағдардың ерекше қиындығын есепке ала отырып, біріккен таулы-жаяу саяхаттарының қатысушылары мен жетекшілеріне білім мен тәжірибенің болуы қажеттілігімен байланысты талаптар қойылады.

**Дәрежелік емес туристік жорықтардың және қиындық деңгейі
бойынша саяхаттардың сипаттамалары**

Күрделілік дәрежесі	Жорықтар түрлері	Ұзындығы, км	Ұзақтығы, күн
3	Жаяу жүру, шаңғы	75	6-8
	Тауда жаяу жүру	60	6-8
	Велосипед	120	6-8
	Су	50	6-8
2	Жаяу жүру, шаңғы	50	4-6
	Тауда жаяу жүру	40	4-6
	Велосипед	80	4-6
	Су	40	4-6
1	Жаяу жүру, шаңғы	30	3-4
	Тауда жаяу жүру	25	3-4
	Велосипед	50	3-4
	Су	25	3-4

Дәрежелік емес жорықтарға ұсынылатын рұқсат берудің шарттары

Жорықтар		Қатысушылардың ең төменгі жасы				Қатысушылар саны				Жетекшінің орынбасары мен қатысушылардың тәжірибесі	Жетекші мен жетекшінің орынбасарының ең төменгі жасы	Жетекшінің туристік тәжірибесі
		Жаяу жүру жорығы	Шаңғы жорығы	Су жорығы	Веложорық	Жаяу жүру Жорығы	Шаңғы жорығы	Су жорығы	Веложорық			
Демалыс күндерінің жорықтары	1-күндік	7	9	9	12	6-25	6-20	6-20	6-15		18 жастан кіші емес	Ұзақтығы 1 күннен асатын жорыққа қатысу
	2-3-күндік	8	10	10	12	6-25	6-20	6-20	6-15			
1-ші деңгейдегі қиындық		9	11*	10	12	6-20	6-20	6-15	6-15			
2-ші деңгейдегі қиындық		10	12	10	13	6-20	6-15	6-15	6-15	Демалыс күндеріндегі жорықтарға қатысу		
3-ші деңгейдегі қиындық		12	12	11	13	6-20	6-15	6-15	6-15		19 жастан кіші емес	Ұзақтылығы 1 күннен асатын жорыққа жетекшілік ету, 1 қ.д. (қиындықтағы деңгей) жорыққа қатысу

Жергілікті және алыс жорықтар (деңгейлік және I дәрежелі қиындықтағы)

Жорықтар		Қатысушылардың ең кіші жасы				Қатысушалардың саны				Жетекшінің орынбасарымен қатысушылардың тәжірибесі	Жетекші мен жетекші орынбасарының ең төменгі жасы	Жетекшінің туристік тәжірибесі
		жаяу	шаңғы	су	вело	жаяу	шаңғы	су	вело			
